

ТАЛАНТҚА ТАЛАС КҮШЕЙДІ



Дүниежүзілік экономикалық форумның деректеріне қарағанда, 2030 жылы әлемде таланттарға деген тапшылық 85 млн адамға жуықтайды. Яғни, жұмыс берушілер үшін бәсекеге қабілеттілік енді мамандардың санымен емес, сапасымен бағаланады. 2030 жылға дейін әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті – 50 мемлекеттің қатарынан табылып, ал 2030 жылға қарай отыздың арасына енуді стратегиялық мақсат етіп қойып отырған Қазақстан үшін бұл үлкен сынақ болғалы тұр.

(Соңы 3-бетте)



Баспасөз – 2022



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемида»

басылымдарына жазылу жалғасын жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға

«Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921
заңды тұлғалар үшін – 15921

✓ «Юридическая газета»

жеке тұлғалар үшін – 65928
заңды тұлғалар үшін – 15928

✓ «Заң» журналы – 75849
✓ «Фемида» – 75858

Байланыс телефоны: 8 701 276 8989

✉ zangazet@mail.ru

КЕЛБЕТ

«ЖҮРЕГІ – АЙНА, КӨҢІЛІ – ОЯУ»



Кеңес Жексенбекұлының өмірі мен атқарған қызметін сараласақ, жас ұрпаққа үлгі боларлық көптеген істерін көресіз. Би аға сот саласында жауапты қызметтерде қатардағы атқарушы болып қана қалған жоқ, керісінше, қандай істе болса да бастамашы бола білген бір туар, елімізге белгілі тұлға. Ол кісінің балаң арманы өзімен бірге есейіп, қандай қызметте жүрсе де тыным таптырмады. Судья өзін-өзі үнемі қамшылап, алға жетелеумен болды. Кеңес аға Абай айтқан бес дұшпаннан қашық жүріп, бес асыл іске асық болған азамат. Ол барлық қажыр-қайратын сол асқақ арман жолына салды және сол арманына қолы жеткізді.

(Соңы 2-бетте)

ТҮЙТКІЛІ

ДӘРЕТХАНА ҚҰНЫ – 23 МИЛЛИОН

Өткен жұмада әлемнің көптеген елдері БҰҰ Бас Ассамблеясының 2013 жылғы «барлығына арналған санитария» деген қарары бойынша БҰҰ-ның ресми даталары қатарына енген Дүниежүзілік дәретхана күнін атап өтті.

Бұл бағытта атқарған шаруасы ауыз толтырып айтарлықтай болмаған соң Қазақстанның құзырлы органдары ғана оны әрдайым елеусіз қалдыруға тырысып келеді. Орталықтандырылған кәріз жүйесі мен санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі көрсеткіштің көңіл көншітпейтіні Дүниежүзілік дәретхана ұйымының жыл сайынғы есебінде баршаға мәлім болып, БАҚ мектептегі, жолаушылар пойыздары мен автожолдардың бойындағы дәретхана мәселесін жиі сөз ете бастаған соң оған тек

соңғы жылдары еріксіз назар аудары бастады. Бұған Мемлекет басшысының 2019 жылы Көкшетауға жұмыс сапары кезінде Ақмола облысы активімен кездесу барысында жол бойындағы дәретханалардың жағдайын сынға алған. Бұл туристерді тартуға тосқауыл болатынын айтқан.

– Қандай сервис туралы айтуға болады. Егер ең қажетті – жол бойындағы дәретхананы талапқа сай ете алмай отырған кезде. Оның қорқынышты жағдайын ерінбегеннің бәрі айтса да, – деген Қа-

сым-Жомарт Тоқаевтың сөзі Ақорданың твиттердегі парақшасында да жарияланған болатын.

Мәселен, білім беру ұйымдарын санитарлық-гигиеналық жайлылықпен қамтамасыз ету мәселелері ҚР Үкіметінің жанындағы кәмілетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның ХХХ отырысында талқыланды. Білім және ғылым министрлігінің есебі бойынша 2020 жылдың басында мектеп аулаларындағы дәретханалардың саны 2 700 болса, 2021 жылдың бірінші тоқсанының аяғында олар 18 есеге қысқарды. Бұл мәселені 2021/2022 оқу жылында толығымен шешу үшін білім беру ұйымдарын жылы дәретханалармен қамтамасыз ету және ауладағы дәретханаларды жою жұмысы ең нашар көрсеткіштегі Алматы, Шығыс Қазақстан, Түркістан облыстарына шұғыл шаралар қабылдау тапсырылған. «Балапанды күзде санайды» дегендей суықтан су мен кәріз желісінің қатып қалып, төтенше жағдай туындамауын қыс ортасында көретін боламыз.

(Соңы 3-бетте)

ДАРЫНДЫЛАРДЫ БАҒАЛАУ ҮШІН НЕ ҚАЖЕТ?

Асқарбек ҚҰСАЙЫНОВ, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының президенті, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты:

– Талантты адамдарды бала жасынан анықтау, ынталандыру мақсатында мектеп оқушылары арасында түрлі үйірмелер ашылып, аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде әрқилы байқаулар мен олимпиадалар ұйымдастырылады. Одан артық не істеу керек?

Бұл жерде мәселенің бәрі қоғамның өзіне келіп тіреледі. Қоғам дегенді әр адам деп қарастыру керек. Ол сіз бен біз. Сіз өзіңіздің көршіңіздің баласы талантты болса қалай қолдайсыз? Қоғамда түрлі ұйымдар бар. Олар түрлі жарыстар өткізеді. Бізде ештеңе жоқ, ештеңе жасалмайды деуге болмайды.

Ғабит Мүсіреповтың «Талантқа қанат болар сезім емес, сенім болуы керек» деген сөзі қоғамда әлі өзекті мәселе болып тұр. Бұл бағытта құзырлы органдар тарапынан атқарылған шаруа жұртшылықтың көңілінен шықпауының себебі неде? Талантты бағалау үшін не істеу керек деген сауалға мамандар пікірін білген едік.

жасау жүйелі түрде жүргізілу қажет. Мәселен, 1970 жылдары Қытаймен шекаралас аймақта шөпті «К-700» деп аталатын үлкен техникалармен шауып жүргенде олар бізге қызығып қарап тұратын. Қазір бәрі керісінше болды.

(Соңы 3-бетте)

ӨМІРДЕРЕК

Кеңес Жексенбекұлы Жалмұханбетов. 1968 жылы ҚазҰУ-дің заң факультетін бітірген. Сол жылы тек Москваға ғана бағынатын Қарағанды облысы Приозерск қаласындағы арнаулы соттың төрағасы, 1981–1986 жылдар аралығында ҚР Жоғарғы Сотының судьясы, Алматы қалалық Әділет басқармасының бастығы, одан Торғай облыстық сотының төрағасы, ҚР Конституциялық сотының судьясы, Алматы облыстық сотының төрағасы. 1996–2004 жылға дейін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер алқасының судьясы. 2004 жылдың мамыр айында «Құрмет» орденімен марапатталды. Судьялар отставкаға шыққаннан кейін, көп жыл бойы Қазақстан Республикасы Ардагер судьялары кеңесінің төрағасы болды.

Қарағанды облысы Приозерск қаласының құрметті азаматы.

Кеңес Жексенбекұлының жұбайы Алтын Мәмбетқызы Копбаева «Бөбек», «Ақбота» қорларында мүгедек және жетім балаларға арналған қайырымдылық акцияларға қатысып, алғысқа бөленіп жүрген абзал адам.



еді. Одан кейін Кеңес ағамыздың еңбегі ескеріліп, сот жүйесінің үлкен шаңырағы Жоғарғы Сотқа бірден қызметке шақырылды. Беделді-ақ орын. Бірақ қылмысқа қарсы майданның алғы шебінде жүріп үйреніп қалған Кеңес Жексенбекұлын Жоғарғы Соттың басшылары Торғай облысы ашылғанда үлкен сенім артып, облыстық сотқа төраға ғып жіберді. Торғай бір жабылып, қайта ашылғанда да Кеңес аға сол жерден табылды. Бір кезде өзі құрған облыстық сот тоз-тоз болып кеткен екен, үлкен іскерлік көрсетіп, шаңырағын қайта көтерді. Торғай облысынан кейін, Кеңес ағамыз Алматы облыстық сотының төрағасы болады. Үш рет қатарынан Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы атанды. Иә, айта кету керек, 1992–1995 жылдар аралығында, жоғарыда айтылғандай, мемлекеттіліктің алғашқы жылдарында Конституциялық соттың судьясы қызметін атқарды. Одан кейін, Парламенттің жоғары палатасына сенатор болып сайланды.

Кеңес ағамыз бұл күнде мерейлі жас 85-ке толып отыр. Бұл өмірден көргені де, түйгені де көп. Бір кезде құрыш қайнатып,

ҚҰҚЫҚ

АСА АУЫР ҚЫЛМЫСТАРДЫ ҚАРАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қылмыстық кодекстің (әрі қарай – ҚК) 11-бабының 5-бөлігіне сәйкес жасалған қылмыстар үшін он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру, өмір бойына бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жаза көзделеді. Мұндай қасақана жасалған іс-әрекеттер аса ауыр қылмыс деп танылады. Қылмыстық процесілік кодекстің 308-бабы 2-бөлігінде қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың соттылығына аса ауыр қылмыстарды қарау белгіленген.

Түркістан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты облыс аймағында жасалып, тергеу аяқталған аса ауыр қылмыстар бойынша істерді қарайды. 2021 жылдың тоғыз айында сотқа 105 қылмыстық іс түсіп, 88 іс аяқталған, оның ішінде 95 адамға қатысты 70 іс бойынша айыптау үкімі шығарылған, 15 іс прокурорға қайтарылған, 2 іс бойынша медициналық сипаттағы шаралар қолданылып, 1 іс соттылығы бойынша жіберілген. 2020 жылдың тоғыз айында 66 қылмыстық іс түсіп, 56 іс аяқталған.

Істерді қарау барысында қолданыстағы материалдық және процессуалдық нормалар қатаң сақталады. Сотқа түскен істер, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық істі сот отырысына дайындау барысында қылмыстық-процестік заңнама нормаларын қолданудың кейбір мәселелері туралы» 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №10 нормативтік қаулысының талаптарына сәйкестігі тексерілген соң істі басты сот талқылауында қарау мәселесі шешіледі. Егер сотталушы істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтінішін мәлімдесе, сот Жоғарғы Соттың «Алқабилерді қатыстырып қылмыстық істерді қарауды реттейтін заңнаманы соттардың қолдану практикасы туралы» 2012 жылғы 23 тамыздағы №4 Нормативтік Қаулысындағы түсіндірмелерге сәйкес басты сот талқылауына дайындық шараларын қолданады.

Істі қарау ҚПК-нің 14-бөліміне сәйкес жүргізіледі. Осы орайда алқабилер қатысатын сот бір судьяның және он алқабидің құрамында әрекет етеді. Барлық іске қатысушылар істі қарауға қатысатын алқабилермен белгіленген тәртіптен бөлек қарым-қатынас жасауына тыйым салынады.

Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттар (бұдан әрі – соттар) төтенше жағдайлар кезінде және жаппай тәртіпсіздіктер барысында жасалған адам өлтірулер туралы; соғыс уақытында немесе ұрыс жағдайында жасалған әскери қылмыстар және ҚК-нің 170 (төртінші бөлігінде), 175, 177, 178, 184, 255 (төртінші бөлігінде), 263 (бесінші бөлігінде), 286 (төртінші бөлігінде), 297 (төртінші бөлігінде), 298 (төртінші бөлігінде) және 299 (төртінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстар бойынша істерді қоспағанда, жасалғаны үшін қылмыстық заңда өлім жазасы немесе өмір бойы бас бостандығынан айыру көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істерді, сондай-ақ ҚК-нің 125 (үшінші бөлігінде), 128 (төртінші бөлігінде), 132 (бесінші бөлігінде), 135 (төртінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстар туралы істерді 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін алқабилердің қатысуымен қарайды.

Төтенше жағдай кезінде және жаппай тәртіпсіздіктер барысында жасалған адам өлтірулер туралы; бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы, конституциялық құрылыстың негіздеріне және мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар туралы; террористік және экстремистік қылмыстар туралы; соғыс уақытында немесе ұрыс жағдайында жасалған әскери қылмыстар және қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмыстар туралы істерді қоспағанда, аса ауыр қылмыстар туралы істер, сондай-ақ ҚК-нің 125 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 128 (төртінші бөлігінің 1) тармағында), 132 (бесінші бөлігінде), 135 (төртінші бөлігінің 1) тармағында), 160, 163, 164 (екінші бөлігінде), 168, 380-1 (екінші бөлігінің 6) тармағында)-баптарында көзделген қылмыстар туралы істер 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап алқабилер қатысатын соттардың қарауына жатады.

Сондықтан, аса ауыр қылмыстарды қараудың жана үдерісіне істі қарайтын судьялармен қатар, сот кеңселері дайындық, түсіндірме және ұйымдастыру жұмыстарын белсенді жүргізген жағдайда ғана, аталған реформалар оң нәтиже береді.

Қ.ҚАЛМАҒАМБЕТОВ,
Түркістан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

«ЖҮРЕГІ – АЙНА, КӨҢІЛІ – ОЯУ»

Иә, үлкен жолда адам өмірінде әртүрлі қиындықтар қызықтар болады. Біздің кейіпкер де осындай кезеңдерді бастан кешірді. Кеңес ағаның сот жүйесіндегі 35 жылдық ерен еңбегі Қазақ елінің игілігіне жұмсалып, мемлекеттің нығаюына арналды. Республиканың заң саласындағы білікті, тәжірибелі маманы ретінде ел егемендігінің алғашқы тұстарында негізгі заң – Конституцияның талқылануына, қабылдануына үлкен үлесін қосты.

Уақыт шіркін бір орнында тұрмайды ғой, аяулы әке, асыл жар белгілі қоғам қайраткері, заңгер Кеңес аға 2021 жылдың 4 қарашасында 85 жасқа толды.

Кеңес ағамыздың өткен өмірін қарасаң, өмірлік жолы кілең бір кілт бұрылыстардан, оқыс өзгерістерден тұрады екен. Жиырмадан жаңа асқан кезінде жастық жалыны жас жігітті байыз таптырмай түрлі жолдарға бағыттапты. Бір қараған адамға жағдайы дұрыс, Шоқпар стансасында ауылдық кеңестің білдей хатшысы. Әке-шешесі жанында, тұрмыстары да жаман емес. Адам солай да тыныш өмір сүре беруге болады. Бірақ Кеңес Жексенбекұлы бұнымен шектеліп қалмады, ары қарай да бойындағы ерік жігерін ел еңбегіне арнады. Ол кісінің мұндай көңіл күйіне Қазақстан магниткасын салу ісі дөп келді. Жастарды сол жұмысқа шақырған хабарландыруды оқығаннан еңбеккор азамат байыз таппады. Енді бір сәт ол қалтаға комсомол жолдамасын төрт бүктеп салып алып, сағым қуған сайын дала тесін түлетуге аттанады. Әкесі Жексенбек пен анасы Қадиаша ақ батасын беріп, ажол тілеп қала берді. Әлпештеп өсірген ата-анасының батасы жұғысты болды ма, Сарыарқаға алып келген сол бір соқпақ кейіннен сәтті жолға айналып, оны талай биіктерге көтерді. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізетін әдетінің арқасында құрдастарының арасында беделді болды.

Теміртауға келген соң, олардың ара-

сынан 120 адамды іріктеп Магниторскіге оқуға жіберді. Оқу аяқталар тұста әлгілерден небәрі табанды-табанды деген 80-дей азамат қана қалды. Аз күндік қиындыққа шыдамай ауылына қайтып кеткен жерлестері үшін талай жер боп ұялғаны бар. Дәл сол кезде Днепродзержинск қаласында да қазақстандық түлектер металлург мамандығын игеріп жатқан. Олардың ішінде Қазақстанның болашақ Президенті Нұрсұлтан Назарбаев та бар еді. Бұлардың жолы Теміртау қаласында тоғысқан.

1960 жылдың 3 шілдесі Кеңес ағаның есінде мәңгі қалды. Бұл күні дәл сағат күндізгі үште Борис Ягвидов бастаған бұлардың бригадасы Қазақстан магниткасының тұңғыш шойын балқымасын алды.

«Мен Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлымен сол тарихи сәтте бірге болғанымды әрқашан мақтан тұтамын», – дейді Кеңекен жүзі ерекше нұрланып.

1968 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірген маманды одан кейін Жоғарғы Соттың басшылары білімді заңгер ретінде сот саласына қызметке шақырған болатын. Кеңес аға осылайша арнайы соттың төрағасы болып, қияндағы Шалғиядан (Қарағанды облысы) бір-ақ шықты. Мұнда да небір қиын істің қиюын тауып, қияметтің қыл көпірінен талай өтті.

Осы жерде жасқы сот қызметкері ретінде көзге көрініп, өзі қызмет атқарған Приозерск қаласына арнайы соттың төрағасы болып оралып, тағы да сол жерде он шақты жыл еңбек етті. Ол кезде Приозерск қаласы тікелей Москваға бағынатын жабық, әрі құпия қала болатын. Қалада бар-жоғы 2-3 қазақ отбасылары болатын және солардың ішінде жауапты қызмет атқарған Кеңес аға ғана еді. Мұның Кеңес деген атының шыққаны сол жылдар. Екпінді алғашқы «е» әрпіне түсіріп: «Кеңес келе жатыр!» – десетін үрпісіп. Соның бәрі қара қылды қас жарған әділдігі мен адалдығының арқасы

болат шындаса, енді бар білгенін басқаға үйретіп, жастарды баулып жүр. Жоғарғы соттың ұжымы бұл кісіні «Біздің ақсақал» деп ардақтайды. Аға тұтып ақыл сұрайтындар да жетерлік. Кеңес ағаның азамат ретіндегі басты ерекшелігі: қарапайымдылығы мен кішіпейілдігі, парасаттылығы мен мәдениеттілігі, туған-туыстарына деген мейірімділігі. Бір ауыз сөбен айтқанда қазақтың нағыз зиялы азаматы.

Осы жылдар арасында ағамыздың үш бірдей кітаптары жарық көрді. Ол еңбектерде 1955–2012 жылдар арасындағы қатарлас жүрген азаматтардың адамгершілік қырлары баяндалып, тәуелсіз ел азаматтарын Отан сүйгіштікке, шындық пен әділеттілікке баулиды.

Өсіресе, Кеңес ағамыздың 2010 жылы шыққан «Ғасырлар белесі» кітабының жалғасы, 2012 жылы жарық көрген екінші кітабында көшпенділер жайындағы тарихи шындық пен қазақ халқының ұлы хандары, атақты билері мен батырлары туралы құнды тарихи деректер бейнеленген.

Кеңес ағамыздың жүріп өткен жолы бір тарих.

Мен де жас кезімнен Кеңес ағамдай заңгер боламын деп мақсат қойдым, сол мақсатпен заң факультетіне түсіп, 20 жылдай Ішкі істер саласында қызмет атқарып, полковник шенін алып, сот саласына ауыстым.

Саналы өмірінің ширек ғұмырын қазақ елінің игілігіне, оның құқық-қорғау саласына, сот жүйесіне арнаған Кеңес Жексенбекұлы Жалмұханбетов «жүрегі – айна, көңілі – ояу» азамат. Кеңес аға елдің сот қайраткерлерінің алдыңғы қатарынан ойып орын алған әділет, заң саласының сардары.

85 жасқа толған абыз ағамызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, баянды бақыт пен шаттық тілеймін!

Ж. ШӨЖЕНОВ,
Қарағанды қаласының Қазыбек би аудандық сотының судьясы

Қазіргі уақытта қылмыстық процесітегі процессуалдық келісім институты сот тәжірибесінде кеңінен қолданылады.

Процессуалдық келісім туралы айтқанда, оның не екенін білу керек. Процессуалдық келісім-қылмыстық процесінің кез келген сатысында прокурор мен күдікті, айыпталушы немесе сотталушы немесе сотталған адам арасында ҚР Қылмыстық кодексінде көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жасалатын келісім.

Процестік келісім сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында және сот талқылауы барысында қолданылады. Қылмыстық іс процесітік келісіммен сотқа келіп түскен кезде іс келісу іс жүргізуінде қаралады.

Келісу іс жүргізуінде шығарылған үкімнің әдеттегі тәртіппен қаралған іс бойынша шығарылған үкімнен айырмашылығы неде деген сұрақ туындауы мүмкін. Келісу іс жүргізуінде үкім шығару кезінде судья прокурор процесітік келісімде сот алдында өтініш жасаған жазаның мөлшері мен түріне байланысты болмайды.

Процестік келісіммен келіп түскен іс бойынша шығарылған үкім қысқаша. Сот үкімде сотталушының кінәсін дәлелдемейді, керісінше сотталушымен және прокурормен іс жүр-

гізу келісімі жасалғанын көрсетеді.

ҚДЖК-нің 613-бабына сәйкес кінәні мойындау туралы процесітік келісім жәбірленушінің процесітік келісім жасауға келісімі болған кезде ғана жасалуы мүмкін.

Кінәні мойындау туралы процесітік келісім сот талқылауының кез келген сатысында жасалуы мүмкін.

ҚДЖК-нің 615-бабына сәйкес прокурордың процесітік келісім жасасудан бас тартуы шағымдануға жатпайды, бірақ бұл одан әрі процесітік келісім жасауға кедергі болмайды.

Процестік келісім жасасудан бас тартылған сотталушы сот тергеуі барысында кінәні мойындау туралы процесітік келісім жасау туралы қайтадан өтініш жасауы мүмкін.

Келісу іс жүргізуін табысты қолдану үшін кінәні мойындау туралы мәміле шеңберінде тағайындалатын жазалар жалпы тәртіппен қаралған ұқсас істер бойынша тағайындалатындарға қарағанда орташа алғанда қатаңырақ болуы қажет.

ПРОЦЕССУАЛДЫҚ КЕЛІСІМ ИНСТИТУТЫ СОТ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ



Зерделенген сот қылмыстық істері мен сот актілерін талдау процесітік келісім қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді жеделдететінін, сот талқылауын оңайлататынын, сондай-ақ, сот актісінің орындалуын жеделдететінін көрсетті. Сонымен, сотқа дейінгі өндіріс кезеңінде кінәні мойындау қылмыстың барлық жағдайларын тез және тиімді анықтауға, зағтай дәлелдемелерді ерікті түрде беруге көмектеседі. Нәтижесінде сотқа дейінгі іс жүргізу, сондай-ақ, істі сотта жеңілдетіл-

ген тәртіппен келісу тәртібімен қарау қысқа мерзімде аяқталады.

Кінәні мойындау туралы келісім жасасу кезінде жәбірленуші де жеңіске жетеді, ол үшін қылмыспен келтірілген зиян үшін өтемақы алу маңызды.

Іс бойынша іс жүргізу кезінде жәбірленушіге талап қою талаптарын дәлелдеудің, содан кейін азаматтық талап бөлігінде шешімнің ұзақ уақыт орындалуын күтудің қажеті жоқ, өйткені іс жүргізу келісімінің негізінде келтірілген зиянның сипаты мен мөлшерін сотталушы деп тану және үкімде көрсетілген мерзімде оны ерікті түрде өтеу жатыр.

Моральдық тұрғыдан алғанда, келісімдік іс жүргізу аясында істі қарау процедурасы сотталушыға сот отырысында оның қылмыс жасау себебін көпшілік алдында түсіндіруге мүмкіндік береді, өйткені, сотталушыдан жауап алынбайды.

Сот актісін келісімдік іс жүргізуде шығарудың оң жақтарын атап көрсете отырып, сот үкімде сотталушыға қыл-

мыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайларды көрсетпейтінін, сондай-ақ, істі қысқа мерзімде аяқтайтынын, сот сотталушыға жүктеуі мүмкін процесітік шығындар қысқартатынын тағы да атап өткен жөн.

Процессуалдық келісім жәбірленушіге келтірілген залалды бөліп төлеуге мүмкіндік береді, ал Қылмыстық кодекстің 68-бабы бойынша татуласу залалды толығымен және дереу өтеуді талап етеді. Сондай-ақ, сот азаматтық талап қою мәселелерін шеше отырып, көп мөлшерде өндіріп алуға құқылы емес және іс жүргізу келісінде көрсетілгеннен гөрі қатаң жаза тағайындауға құқылы емес. Іс жүргізу келісімі институтын келісу өндірісі шеңберінде дамыту тұтастай алғанда Қазақстанның қылмыстық заңнамасын ізгілендіруде көрініс табатынын атап өту қажет.

Бауыржан БАЙМҰРЗИН,
Кокшетау қалалық сотының судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Kazakhstan Growth Forum мен «Kommesk» сактандыру компания-сының биыл IX ұйымдастырылған Kazakhstan HR Forum-ында сөйлеген сөзінде ManpowerGroup Russia & CIS директоры Никита Затов демография-лық өзгерістің: дағдылар тапшылығы; жұмыс күшінің өзгерісі; полярлану, яғни қоғамның бөлшектенуі мен әлеу-меттік шиеленіс; қашықтан жұмыс – талап бойынша жұмыстан айқын аңғарылып отырғанын айтты. Ал тех-нологиялық төңкерістің – адам-машина коэволюциясы; сандық ыдыратушының өсуі; клиенттік тәжірибенің цифрлануы; білім берудің кері кетуі (революция-сы) арқылы көрініс тауып жатқанына тоқталды. Оның айтуынша, ғаламдық HR трендтердің саны 20 шақты. Оның біріншісі – таланттар тапшылығы. Екіншісі – қашықтан жұмыс. Үшіншісі – гендерлік алшақтықтың үдеуі. Төртін-шісі – адам мен технологияның ары қарайғы коэволюциясы. Бесіншісі – ком-

паниялардың технологиялануы. Оның ойын ары қарай жалғастырған SAP Kazakhstan компаниясының басқарушы директоры Евгений Теремов ертенгі ма-мандардың бұл талапқа сай болуы үшін технологиялар қажеттігін әрбір адам алдымен өзі түсіну керектігін мәселе етіп көтерді. Содан кейін жастармен, балалармен жиі әңгімелесіп, олардың талап-тілегін тыңдай білу қажет екенін және бұл қазіргі заманның басты тала-бында болуы керектігін айтты. Оның сөзіне қарағанда, жастар қоғамдағы өзгеріске жылдам бейімделеді және жаңалықты жылдам қабылдайды. Сон-дықтан технологиялық өзгеріске кейде ірі компаниялардың өзі ілесе алмай, нарықтағы орнын өзгелерге босатуға мәжбүр болуда. Ал ЕУ Kazakhstan өкілі Анна Боронкованың пайымдауынша, енді жұмыс іздеуші жұмыс берушіге емес, жұмыс беруші жұмыс іздеушінің талабына сәйкес келуіне тұра келеді.

– Қазір барлық жерге бизнес үдеріс-терімен айналысатын адамдар керек. Бизнес үдерістері дұрыс құрылатын

ТАЛАНТҚА ТАЛАС КҮШЕЙДІ

болса оның өндіретін өнімі де құрыла-ды. Біздің еліміздегі басты мәселе қазір осы өнім өндірушілерге келіп тіреліп тұр. Ал өз өндірушісі жоқ салада бола-шақ жоқ. Бизнес үдерістері сәулетшілік сияқты нәрсе. Мәселен, сәтті, жайлы үй салу үшін жақсы сәулет керек. Ол бизнестің қаңқасы. Ондағы қызметкер-лер өспесе тек маман деңгейінде қалып қояды. Ал таланттарда көшбасшы болу мүмкіндігі бар. Біздің елімізде талантқа тапшылық банк саласында да өте жоғары. Онда мамандар жеткілікті болғанмен, өзіндік өнім мен қызмет түрін ұсынуда тапшылық боп тұр. Қазір «ақыл-ойдың ауысуы» туралы көп ай-тылып жүр ғой. Менінше шетелге жай маман кетпейді. Онда кетіп жатқандар негізінен таланттар. Өз елімізде сұра-ныс болмаған соң, олар өз мүмкіндігін баска жерде көрсетуге ұмтылуда, – дей-ді Center Credit Bank-тің басқарушы ди-

ректоры Ғалым Хусайнов. Қаржы сала-сы маманының бұл пікірімен келісетін де, келіспейтін де тұсы бар. Қазақстан-нан шетелге кетіп жатқандардың бәрі бірдей таланттар деуге болмайды. Кейбір этнос өкілдері өз отанына кетіп жатса, екіншілері жалақысы жоғары жұмыс табу мақсатында, үшіншілері өз мамандығым бойынша еңбегім лай-ықты бағаланбайды деп, төртіншілері шетелде алған мамандығы бойынша Қа-зақстанда жұмыс таппаған соң кетуде. Мұндай жағдай тек біздің елімізге ғана тән нәрсе емес. Еуропа елдерінде бұл әлдеқашан қалыпты жағдайға айналған және Еуропа мен Азияның қоғамдық құндылығын қатар қабылдап жатқан ел ретінде ол үдерістен біз де сырт қала алмаймыз. Мектеп оқушыларының ба-сым бөлігі өзінің білімі мен дағдысын жүзеге асыра алатын мүмкіндік қай елде жоғары болса, сонда қоныс ауда-

руға дайын екенін ашық айтып жүр. Бұл қазір жасырын нәрсе емес. Сондықтан, Мемлекет басшысы елдің болашағы жастардың қолында дегенді тек сөзбен айтып қоймай, оны іс жүзінде дәлел-деуі керек деп санайды. «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей жас таланттарды ерте анықтап, оларға жағдай жасауда қазір «Болашақ» бағдарламасының жет-кіліксіз екенін уақыттың өзі дәлелдеді. Тіпті, мемлекет қомақты қаржы жұм-сап, шетелде оқытқан мамандардың өзі алған білімі мен жинаған дағдысын Қа-зақстан жағдайында жүзеге асыруда әлі шідерленген аттай кібірткітеп жүр. Сон-дықтан барлық жауапкершілікті Білім және ғылым министрлігіне жүктеп қоймай, атқарушы және заң шығарушы билік өкілдері бірігіп, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» таланттарға таласта Қазақстан өзге елдерге есесін жібермеудің жақын арада тың жолын қарастырмаса, Қазақстанның жарқын болашағын баянды ету түйткілді мәселе болып қала беруі мүмкін.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТҮЙТКІЛ

ДӘРЕТХАНА ҚҰНЫ – 23 МИЛЛИОН

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Қазақстан темір жолы» ком-паниясының жолаушылар пой-ыздарындағы жағдайға қатысты айтар болсақ, олар тарапынан қандай да мәлімдемелер жария-ланбағанына қарағанда ондағы ахуалдың әзірге өзгере қоймасын аңғару қиын емес секілді. Ал автомобиль жолдарына келетін болсақ «ҚазАвтоЖол» компа-ниясы биыл автотрассалардың бойына әрқайсысының құны 23 млн теңгеге бағаланған 28 дәретхана салатынын жария-лаған болатын. Былтыр олар жеке инвесторлардың есебінен мұндай 4 дәретхана салған еді. Олардың екеуі Алматы облы-сында болса, қалған екеуі Қа-рағанды мен Ақмола облысында орналасқан. Биыл жыл соңына дейін 11-і Түркістан облысын-да, жетеуі Алматы облысында, бесеуі Ақтөбе облысында, үшеуі Ақмола облысында, екеуі Қа-рағанды облысында салынатын әрқайсысы бір-бір пәтердің құ-нымен теңесетін мұндай дәрет-ханалардың жалпы саны – 32 болмақ. «ҚазАвтоЖол» бұдан бөлек «GasEnergy», «Compass», «Sinoil», «PetroRetail», «ҚазТрансГаз», «М-36» сияқты жанар-жағармай автобекетте-рімен қосымша 134 заманауи жол бойы кешендерінде тегін дәретханалар қоюға келіскенін мәлімдеген еді.

Ұлттық статистика бюросы-ның «Қазақстан цифрларда» деп аталатын басылымында жарияланған мәліметтеріне қа-рағанда, қазіргі кезде еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылым жүйесіне 14 облыс, ресубли-калық маңызы бар 3 қала, 183 әкімшілік аудандары, 878 қала, 30 кент және 6316 ауылдық елді мекен кіреді. Алайда 2030 жылы әлемдегі бәсекеге қа-

білетті – 50, ал 2050 жылы – 30 елдің қатарынан табылуды ал-дына мақсат етіп қойып отыр-ған елде ауыл тұрмақ кент пен қалаларда да таза ауыз су мен кәріз жүйелерімен қамту әлі күнге дейін толық шешілмей отыр. Оны республикалық мәр-тебесі бар Алматының шеткері аудандарындағы елді мекендер мен Алматы облысына қарасты іргелес Қарасай, Іле, Талғар аудандарының орталықтарын-дағы жағдайдан да байқау қиын емес. БҰҰ-ның 2030 жылға дейін қолжеткізуді белгілеген ең негізгі 17 тұрақты даму мақ-саттарының кедейлікті жою-ға, теңсіздік пен әділетсіздік-ке қарсы тұруға, жершарын

қорғауға және барлық адамдар үшін бейбітшілік пен гүлденуді қамтамасыз етуге бағытталға-нын сауаты бар жанның көбі біледі. Ал оның алтыншы мақ-саты – Таза су және санитария деп аталады. Біздің еліміздің онда қолжеткіземіз деген басты көрсеткіштері: 2020 жылға қа-рай сумен байланысты экожүй-елерді, соның ішінде тауларды, ормандарды, сулы-балшықты жерлерді, өзендерді, су тұтқыш қабаттар мен көлдерді қорғау мен қалпына келтіруді қамта-масыз ету. 2030 жылға қарай барлығы үшін қауіпсіз және арзан ауызсуға жалпыға бірдей және теңқұқылы қолжетімділік-ті қамтамасыз ету.

Сіз не дейсіз?

Ералы ӘКИМБЕК, Ә.Марғұлан атындағы археология институтының жетекші ғылыми қызметкері:

– Қазақ жеріндегі орта ғасырлық қалалардың бәрінде су, кәріз жүйелері және әрбір үйде дәретхана болғанын қазір ғалымдар болмаса, қарапайым жұрт біле бермейді. Ал мақтау-лы Еуропа елдеріндегі ортағасырлық сарайларда кәріз жүйесіне қосылған дәретхана деген мүлде болмаған. Дәретхана бөлмесі болмаған соң олар сарайдың қуыс-қалтарыстары дәретке толған кезде жаздық, қыстық деп аталатын сарай-ларға ауысып отырған. Яғни жаздық сарайдағы жиналған боқтықты қызметшілердің тазалауына кейде 6 айға дейін уақыт керек болған. Оны Еуропаға саяхаттап барған тури-стер тарихи нысан ретінде сақталған бұл сарайлардан әр-дайым көріп жүр. Отырардағы бұрын бабырақ деп аталған дәретхана орындарынан табылған бұйымды ғалымдардың бірі унитаз десе, екіншісі басқа зат деп жүргендіктен ол әлемдік ғылыми айналымға әлі түсе қойған жоқ. Мәселен, Жамбыл облысы Шу ауданындағы Ақсу деген ауыл аумағын-дағы Ақтөбе деген бұрынғы қала орнын қазу кезінде су мен кәріз жүйелерінің қазіргідей көшенің шет жасағында жер астында белгілі бір тереңдікте көмілгені анықталды. Онда сол сияқты қалдық суларды сүзетін, тұндыратын және олар жиналатын орындардың бәрі жан-жақты ойластырылған. Мұның өзі ғылым мен техниканың, мәдениеттің бұрын бізде өте жоғары болғанын аңғартады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

Әл-Фара-би атындағы Қазақ ұлттық университеті-не Түркияның экс-президенті Абдулла Гүл келді. Ғылы-ми кітапха-нада белгілі саясаткер уни-верси-теттің оқы-тушы-профес-сорларымен және студент-терімен кезде-су өткізді.



Абдулла ГҮЛ:

«ҚАЗАҚСТАН – БІЗДІҢ АТАЖҰРТЫМЫЗ»

Айтулы шараға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың баскарма төрағасы-ректоры Жансейіт Түй-мебаев және Олжас Сүлейменов, Смағұл Елубай, Марат Тоқашбаев, Қали Сәрсенбай, Сәбит Шілі-дебай сынды зиялы қауым өкілдері, дипломаттар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Шара басында сөз сөйлеген Ж.Түймебаев құрметті мейманға университетке келгендігі үшін алғысын айтып, Қазақстан мен Түркияның көпжылдық жемісті ынтымақтастығының ма-ңыздылығын атап өтті.

– Қазақстан мен Түркия – бауырлас мем-лекет. Екі елдің қарым-қатынасы Тәуелсіздікке дейін басталған. Қазақстан егемендігін алғанда алғаш құттықтап, достық ниетін жеткізген Түр-кия мемлекеті болатын. 1992 жылы Қазақстан мен Түркия мемлекеттері ресми түрде диплома-тиялық қарым-қатынас орнатты. Сондықтан біз үшін Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай және алдағы екі ел ынтымақтастығының 30 жылдығы аясында Түркия Республикасының 11-ші Прези-денті Абдулла Гүл мырзаның университетімізге келгені айрықша мәртебе» – деді университет ректоры.

Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Түркияның экс-президенті Абдулла Гүл Тәу-елсіздіктің 30 жылдығымен құттықтап, ыстық лебізін білдірді. Сондай-ақ, құрметті мейман Қазақстанды дамытудағы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың елеулі рөлін айрықша атап өтті.

– «Осындай кездесуді ұйыдастырып, жылы қыбылдағандарыңыз үшін универсиет ректоры Жансейіт Түймебаевқа және ұйымдастырушы-ларға алғысымды білдіремін. Қазақстан біздің Атажұртымыз. Қазақстанның жетістіктерін біз ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев-тың есімімен тығыз байланыстырамыз. Бүгінде елдеріңіз әлемдік қоғамдастықта лайықты орын алып отыр. Ол халық пен елдің игілігі үшін көп-теген шараларды ұйымдастырып, Қазақстанды жана деңгейге көтерді – деді Абдулла Гүл.

Кездесу барысында Абдулла Гүл жиналған-дарға дәріс оқыды. Сонымен қатар, Түркияның қоғам қайраткері өзінің саяси саладағы көп жыл-дық тәжірибесімен бөлісіп, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Шара соңында Абдулла Гүлге әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Құр-метті профессоры» атағы берілді. Сондай-ақ, университет ректоры мейманды – Әл-Фараби алтын медалімен марапаттады.

Еске сала кетейік, Абдулла Гүл 2002–2003 жылдар аралығында Түркия Премьер-министрі, кейін Премьер-министрдің көмекшісі, шетел істері министрі қызметін абыроймен атқарған. Ал, 2007–2014 жылдар аралығында Түркияның Президенті болды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың баспасөз қызметі

ДАРЫНДЫЛАРДЫ БАҒАЛАУ ҮШІН НЕ ҚАЖЕТ?

ОЙТАЛҚЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)



Асқарбек ҚҰСАЙЫНОВ, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының президенті, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты:

– Ал адамдардың өзге елге жұмыс іздеп кетуі қазір барлық елде бар. Қазір қоғам ашық. Қайда барып оқып, қайда жұмыс жасайтынын әр адам өзі шешеді. Өзіне жақсы жағдай жасалса қайтып келеді. Жастар бәрін біледі. Көзі ашық, әлемде не болып жатқанын да тез бағамдай алады. Бұл еркін қоғамның белгісі. Біз де соған дайын болуымыз керек. Жастар шетелге кетіп жатыр деп ренжудің қажеті жоқ. Олардың өз елімізде қалып, жұ-мыс жасауына барынша жағдай жасау керек. Бұл өндірісті, инновацияны, экономиканы дамытқанда ғана жүзеге асады. Оларға заман талабына сай жұмыс ұсынғанда ешқайда кетпейді. Ол үшін қоғам даму керек.

Қоғамда талантты адам аз деген пікірмен де келісуге болмайды. Қазақ халқы таланттан ешуақытта кенде болған емес. Әлемдегі білімге құштар, оны жақсы меңгеретін халықтың бірі біздің қазақ. Сондықтан талантты адамға сенім артып, жағдай жасап, қолдай отырып іскерлігін, білімін пайдалануды қоғамның әрбір саласы өзі ойлану керек. Оларға өзі не ұсына алады, басқалар не ұсынып отырғанын таразыға салып, салыстырып барып, бізде талантты адам аз не жоқ деуіне болады. Кейбіреу айтып жүргендей талантты қолдау үшін арнайы заң керек деген пікірмен де келіспеймін. Адамды заңмен ғана ұстап отыра алмайсың.

Құсман ШАЛАБАЕВ, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, қоғам қайраткері:

– Одақ тараған кезде естуімше, олар біз-дегі білімді адамдарды өздеріне шақырып ап, біздің еліміздің деңгейін көтеріңдер, біз сосын сендердің сұрағандарыңның бәрін орындай-мыз деген көрінеді.

Сол рас па деп ойлаймын. Қазір Қытай қайда, біз қайдамыз? Оны екі елдің арасын-дағы кеден бекеттерінен де байқауға болады.

Сондықтан қазір барлық үміт тек жастарда. Таланты іздеуде байқаулар аздық етеді. Оларды ынталандыру қажет. Тіпті мемлекеттік бағдарлама жасалса да артық болмайды. Қазір қоғамдық ұйымдардың оған шамасы жетпей отыр. Талантты бағалау үшін оны құқықтық тұрғыдан қарасты-ратын арнайы заңнамалық құжаттар да қабылдаған жөн шығар.



Сауланманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҚЫСЫМДЫ ТӨМЕНДЕТУ БОЙЫНША ЖҰМЫС ЖАЛҒАСАДЫ

ҚРҰБ Төрағасы Е.А. Досаевтың ҚР Парламенті Сенатының пленарлық отырысында «2022–2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» мәселесі бойынша баяндамасы

2022–2024 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру мақсатында дайындалған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы әлемдік және ұлттық экономикаларды белсенді қалпына келтіру динамикасына сүйенеді.

Мемлекет басшысының іске асырылып жатқан дағдарысқа қарсы бас-тамалары қысқа мерзімде ұлттық экономиканы пандемияға дейінгі деңгейге қайтаруға мүмкіндік берді. Биылғы жылғы 10 айдың қорытындысы бойынша, мұнайдың орташа бағасы бір баррель үшін 70 АҚШ доллары болған кезде Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің өсуі 3,5% болды. Бұл серпін Қазақстан экономикасын дамытудың оптимистік сценарийіне (бір баррель үшін 70 АҚШ доллары) сәйкес келеді, бұл ретте Ұлттық Банк ішкі жалпы өнімнің 2021 жылы 3,7–4,0% деңгейінде өсуін күтеді. Әлемдік және ұлттық экономикалардың осындай тез қалпына келуі жалғасып келе жатқан фискалдық ынталандыру бағдарламалары мен жеңіл ақша-кредит талаптарының нәтижесінде мүмкін болды. Сонымен қатар, бұл факторлар тұтынушылық сұраныстың қалпына келуіне және әлемде инфляциялық қысымның айтарлықтай өсуіне алып келді. Осы жылдың басынан бері бағаның өсуі тарихи ең жоғары көрсеткіштерді жаңартуда. Әлемнің ірі экономикаларында инфляция жаңа ең жоғары көрсеткіштерге жетті: АҚШ-та ол 30 жылдық ең жоғары көрсеткіш (1990 жылдан бастап) 6,2%-ға дейін, ЕуроОдақта 4,1%-ға дейін (13 жыл ішіндегі ең жоғары көрсеткіш) жетті.


Жоғары инфляциялық қысым жағдайында федералды резервтік жүйесі мен Еуропа орталық банкі ынталандыру шараларын қысқарта бастады. Қыркүйекте Еуропа орталық банкі облигацияларды сатып алу көлемін қысқарту ниеті туралы жариялады. АҚШ-тың федералды резервтік жүйесі биылғы жылғы 3 қарашада осы жылғы желтоқсаннан бастап ай сайын 15 млрд АҚШ долларына сандық жеңілдету бағдарла-

масының қысқартыла бастағаны туралы жариялады.

Ресейде инфляция бойынша 8,1% деңгейіндегі 5 жылдағы ең жоғары көрсеткіш аясында Орталық банк негізгі ставканы белсенді түрде көтеруге кірісті – ол биылғы жылдың басынан бастап 7,5%-ға дейін 3,25 пайыздық тармаққа жинақталып көтерілді. Қазақстанға әкелінетін тауар импортындағы Ресейдің үлесі 2020 жылдың қорытындысы бойынша 35,4%-дан осы жылғы 9 айда 41,1% дейін ұлғайғанын ескере отырып, Қазақстандағы бағаларға сыртқы қысым өсті.

Шикізаттың және көлікпен тасымалдау бағасы өсуінің жалғасы әлемде инфляциялық қысымды сақтап отырғанын да атап өткен жөн. Биылғы жылғы қазанда өсімдік майы, бидай өнімдері мен сүт өнімдері қымбаттауы есебінен ФАО азық-түлік бағаларының индексі 3,0% өсіп, 133,2 тармаққа жетті, металдар шамамен 1,5 есе (ж/ж қазанда 42%) қымбаттады. Контейнерлер жетіспеуінен құрғақ жүкті тасымалдау құны (Baltic Dry Index) 2020 жылғы мамырдан бастап 7 есе (2019 жылдың соңынан бастап 3,2 есе) өсті. Нәтижесінде өндірушілер өнімінің өзіндік құнының өсуі тұтыну бағаларына ауысады. Аталған сыртқы факторлар бағаның өсуі үшін қолайсыз ортаны қалыптастырады және ішкі факторлармен қатар тең дәрежеде Қазақстанда инфляцияның ағымдағы өсуіне алып келді.

Биылғы жылғы II жартыжылдықтан бастап Қазақстанда инфляция тұтынушылық белсенділіктің тез қалпына келуі, экономиканы фискалдық ынталандырудың жалғасы және жекелеген тауар нарықтарындағы дисбаланстар нәтижесінде өсті. Азық-түлік бағасының өсуі негізгі проинфляциялық фактор болды, ол жалпы инфляциядағы үлестің жартысын (қазанда – 8,9%-дан 4,4 пайыздық тармақ) иеленеді. Азық-түлік инфляциясы уақытша және барынша орнықты факторлардың әсерінен соңғы 5 айда алғаш рет баяулап биылғы жылғы қазанда 11,5%-дан 11,3%-ға дейін төмендеді.



Биылғы жылғы шілде-тамызда ұзақ сақталатын көкөністер (картоп, сәбіз, қызылша) бағасының жаз айларына тән емес және соңғы жылдардағы рекордтық өсуі тіркелді. Ет (10,3% ж/ж), өсімдік майы (54,2% ж/ж) және қант (25,0% ж/ж) бағасының өсуі инфляцияны жеделдетудің тұрақты факторы болып қалуда, мұны өсу деңгейі бойынша әлемдік трендтермен салыстыруға болады. ФАО деректеріне сәйкес бір жылда еттің әлемдік бағасы орта есеппен 22,1%-ға, өсімдік майының бағасы – 73,6%-ға, қанттың бағасы – 40,6%-ға өсті.

Қазақстанда азық-түлікке жатпайтын инфляция, бірінші кезекте, тұтынушылық белсенділіктің қалпына келуі аясында жанар-жағар май (ж/ж 17,0%-ға) және ұзақ пайдаланылатын тауарлар (киім-кешек – 6,1%, аяқ киім – 6,4%, жиһаз – 6,9%, тұрмыстық заттар – 8,5%, автомобильдер – 13,5%) бағасының өсуі нәтижесінде жылдамдады.

Ақылы қызметтер инфляциясы негізінен электр энергиясы (8,6%), тұрғын үйді жалдау (18,5%) және көлік қызметтері (әуе көлігі – 8,7%) бағасының өсуі есебінен жылдамдады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша инфляцияны тұрақтандыру мақсатында Үкімет әкімдермен бірлесіп

осы жылғы қыркүйектен бастап баға өсуінің монетарлық емес факторларын тұрақтандыру мақсатында Инфляцияға қарсы ден қою шараларының кешенін іске асыра бастады.

Өз тарапынан, Ұлттық Банк экономикадағы сұраныстың өсуіне жауап ретінде дезинфляциялық ақша-кредит саясатын жүргізу шеңберінде базалық ставканы 9,0%-дан 9,75%-ға дейін үш рет көтерді. Сұраныс тарапынан инфляцияға қарсы қысым биылғы жылғы 9 айда тұтыну тауарлары импортының 21,4%-ға өсуімен расталады.

Үкімет пен Ұлттық Банктің үйлескен іс-қимылының нәтижесінде биылғы жылғы қазанда 6 ай жеделдеген жылдық инфляцияның өсуі тоқтады.

Инфляцияға қарсы ден қою шараларының кешені шеңберінде тауар нарықтарындағы дисбалансты жою мақсатында жедел және жүйелі шараларды одан әрі іске асыру Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2021 жылы инфляцияны 8,5%-ке дейін тұрақтандыруға және 2022 жылы 4-6% нысаналы дәлізге кіруге мүмкіндік береді.

Үкімет азық-түлік бағаларын тұрақтандыру бойынша қабылданып жатқан шаралар нәтижесінде, оның ішінде тауар ағындарын бөлу, тұрақтан-

дыру қорларын тиімді қалыптастыру және өнімді форвардтық сатып алу арқылы 2021 жылдың қорытындысы бойынша инфляцияны 8,5%-дан аспайтын деңгейде ұстауды жоспарлап отыр. 2022–2026 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес инфляцияның бұдан кейін төмендеуі және 2023–2024 жылдары 4-5% және 2025–2026 жылдары 3-4% деңгейінде тұрақтануы орын алады. Бұл үшін Үкіметтің қазіргі жедел шараларымен қатар экономиканы одан әрі әртараптандыру және оның импортқа тәуелділігін төмендету бойынша жүйелі жұмысын жандандыру маңызды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022 жылдан бастап енгізілетін контрицидлық бюджет қағидалары мемлекеттік шығыстардың өсу қарқынын шектеуге мүмкіндік береді, сол арқылы мемлекеттік қаржының орнықтылығын қамтамасыз етеді және инфляциялық қысымды төмендетеді.

Үкімет жоспарлап отырған шикізатқа жатпайтын экспортты арттыру шаралары болжамды кезеңдегі Қазақстанның төлем балансының жай-күйін едәуір жақсартуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес алдағы 5 жылдық кезеңде төлем балансының ағымдағы шоты дефицитінің қысқаруы және профицит аймағына өтуі күтіледі. Мұнайдың бір баррель үшін 60 АҚШ доллары сценарийлік бағасы кезінде төлем балансының ағымдағы шотының сальдосы 2022 жылы ішкі жалпы өнімге қатысты (-)1,2% дефициттен 2023 жылы ішкі жалпы өнімге қатысты (+)0,6% профицитке ауысады және 2026 жылы ішкі жалпы өнімге қатысты (+)1,9% деңгейінде орнықты болады.

Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп жаһандық пандемияның теріс салдарын еңсеру, инфляциялық қысымды төмендету және макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін белсенді жұмысын жалғастырады.

Нұр-Сұлтан қаласы
2021 жылғы 18 қараша

2021 жылдың 4-17 қараша аралығында ХВҚ Қазақстандағы миссиясының басшысы Николас Бланшеттің жетекшілігімен IV бап бойынша миссиясының сапары өтті. Сапар барысында Қазақстан Ұлттық Банкінің, мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор ұйымдарының және қаржы нарығының басшыларымен кездесулер ұйымдастырылды.

ХВҚ МИССИЯСЫ ҰЛТТЫҚ БАНК ҰСТАНЫМЫН ЖОҒАРЫ БАҒАЛАДЫ

ХВҚ пікірі бойынша, Ұлттық Банктің, Үкіметтің, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Covid-19 пандемиясына қарсы шешуші және уақыттылы шаралары сыртқы әсерлерді бәсеңдетуде және кейінгі экономикалық белсенділікті қалпына келтіруде шешуші рөл атқарды. Бұл нақты ЖІӨ-нің 3,5%-ға өсуіне және экономикалық дамудың пандемияға дейінгі траекториясына оралуына әкелді.

ХВҚ Ұлттық Банктің инфляциялық таргеттеу саясатына ұстанымын жоғары бағалады. Атап айтқанда, миссия ақша-кредит саясатының тәуелсіздігі саласындағы одан әрі ілгерілеушілікті атап өтті, транспаренттілікті арттыру, шешімдер қабылдау кезінде аналитикалық әлеуетті дамыту жөніндегі жұмысты жоғары бағалады, сондай-ақ, ақша-кредит саясаты стратегиясына сәйкес 2030 жылға дейін ақша-кредит саясатының тиімділігі одан әрі артатындығын атап өтті.

Халықаралық ұйым сарапшыларының бағалауынша, осы жылдың қазан айында 8,9%-ды құраған инфляция қысқа мерзімді перспективада ішкі сұраныстың артуы мен әлемдік нарықтардағы ұсыныстың бұзылуына байланысты жоғары деңгейде қалуы мүмкін. ХВҚ миссиясы соңғы айларда базалық мөлшерлемені біртіндеп көтерілуін орынды деп санайды.

Инфляцияны одан әрі тұрақтандыру және төмендету үшін ХВҚ ақша-кредит және салық-бюджет саясатын іске асыру жөніндегі шараларды, сондай-ақ, жеткізу тізбегіндегі үзілістердің әсерін азайту жөніндегі мемлекеттік шараларды үйлестіруді жалғастыру маңызды деп санайды. Бұл ретте миссия сарапшылары инфляцияның 2022 жылдың соңына қарай Ұлттық Банктің нысаналы дәлізіне қайта оралуын күтуде, оның 6%-ға дейін төмендеуін болжайды.

ХВҚ миссиясы мемлекеттік органдардың салық-бюджет саясатын анағұрлым контрциклдік етуді және фискальды тұрақтылықты және ұрпақтар арасындағы байлықты тең бөлуді қамтамасыз ету үшін жаңа фискальды ережелерді енгізу бойынша ынтасын қолдайды. ХВҚ сарапшылары қаржылық тұрақтылықты сақтау, қаржылық қадағалауды күшейту бойынша қазіргі жұмысты жоғары бағалады, активтер сапасын тұрақты бағалау мен стресс-тестілеуді енгізуде әлеуетті арттырудың маңыздылығын атап өтті.

Сапар соңында ХВҚ Миссиясының қорытынды мәлімдемесі дайындалды. Құжат ХВҚ мен Ұлттық Банктің сайттарында жарияланған. IV бап бойынша консультациялар аясында ХВҚ Миссиясының келесі сапары 2022 жылы өтеді.

ПАНДЕМИЯНЫҢ ТЕРІС ӘСЕРІН АЗАЙТУ МАҢЫЗДЫ

2021 жылдың III тоқсанында кәсіпорындар арасында жүргізілген мониторинг нәтижесі туралы ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры Жандос Шаймардановтың түсіндірмесі

Мониторинг нәтижесі бойынша, нақты секторда экономикалық белсенділіктің қалпына келу процесі жалғасып келе жатқаны байқалды. Өндіріс қуатының жүктемесі ұлғайды, дайын өнімге сұраныс өсті, өнім, шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқыны өзгеріссіз қалды, активтер мен қаражат айналымы жеделдеді, жалпы алғанда, валюта бағамының кәсіпорындар қызметіне теріс әсері азайды.

Кәсіпорындарда өндіріс қуатының жүктемесі ұлғайды, жүктеменің орташа алынған деңгейі 53,9% (II тоқсанда – 52,4%) болды. Өндіріс көлемінің өсу қарқыны аздап баяулады, алайда диффузиялық индекс (бұдан әрі – ДИ) бұрынғыдай оң аймақта тұр (53,4). Кәсіпорындарда дайын өнімге деген сұраныстың өскені байқалады, индекс 50,3-тен 50,6-ға дейін өсті. Сұраныс көрсеткіші қызмет көрсету секторында 49,8-ге дейін ұлғайды, ал тауарларды өндіру секторында 51,3 болды.

Жалпылай айтқанда, экономикалық тұрғыда кәсіпорын өнімдерінің баға жағынан өсу қарқыны бұрынғы деңгейде сақталды, ДИ 61,6 болды. 2021 жылдың IV тоқсанында кәсіпорындар дайын өнім бағасының өсу қарқыны баяулайтынын күтеді.

Кәсіпорындарға кредит беруге қатысты жағдай біршама жақсарды.

III тоқсанда сауалнамаға қатысқан кәсіпорындардың 17,9% банкке кредит алуға өтініш берді, олардың 96,6% кредит алды. Кәсіпорындардың көп бөлігі (85,1%) кредитті айналым қаражатын (материалдар, шикізат, жартылай дайын өнімдер

және т.б. сатып алу) қаржыландыруға тартты.

Кәсіпорындар, әдеттегідей, Қазақстан экономикасының бүгінгі ахуалы бизнес жүргізуге кедергі келтіріп отырғанын айтады. Бұл жөнінде сауалнамаға қатысқан кәсіпорындардың 34,9% мәлімдеді. Басқа кедергілер: бәсекелестік (29,3%), салық деңгейі (24,0%); өнімге деген сұраныс (22,5%); білікті мамандардың жетіспеушілігі (19,2%). Маңыздылығы жағынан қаржыландыру тиімділігі 9-орында (11,0%) тұр.

2021 жылдың III тоқсанында сауалнамаға пандемияның кәсіпорындар қызметіне әсері туралы бір реттік сұрақ енгізілді. Нәтижесінде, кәсіпорындардың 66,1%-ы COVID-19 пандемиясы мен оның таралуына байланысты шектеу шаралары кәсіпке теріс әсер еткенін мәлімдеді, бұл ретте кәсіпорындардың 12,9%-ның бизнесі айтарлықтай зардап шеккен. Ал респонденттердің 32,0%-ы пандемияның аса әсер етпегенін айтты.

Нақты сектордағы кәсіпорындар арасында жүргізілген сауалнамадың жиынтық бағасын білдіретін композиттік озыңқы индикатордың (КОИ) серпіні нақты секторда экономикалық белсенділіктің қалпына келуі жалғасып отырғанын көрсетті, КОИ 100,2-ге дейін ұлғайды. 2021 жылдың IV тоқсанында экономикалық белсенділік үрдісі жалғасады деп күтіледі (күтулер бойынша КОИ 100,2 болды).

2021 жылдың III тоқсанында жүргізілген сауалнамаға 3326 кәсіпорын қатысты, олардың ішінде 1585 – ірі және орташа кәсіпорын болды.

СҰХБАТ

ТҰТЫНУ ТАУАРЛАРЫ ИМПОРТТЫҢ НЕГІЗГІ ДРАЙВЕРІНЕ АЙНАЛДЫ

Қазақстанның мұнай мен металл сынды негізгі экспорттық тауарларына әлемдік бағаның айтарлықтай өсуіне қарамастан, төлем балансының ағымдағы шотында тапшылық бар. Алдын ала бағалау бойынша, 2021 жылдың 9 айында оның деңгейі (-)3 млрд АҚШ долларын құрады. Қазақстанның Ұлттық Банкі төлем балансы департаментінің сыртқы секторды талдау басқармасының бастығы Меруерт Алмағамбетова тұтыну тауарларды импортының төлем балансы мен теңге бағамына қысымы туралы айтып берді.

– *Тауар импортындағы жсағдай қалай?*
– Тауар экспортында өсім болғандықтан, импорт та өсіп келеді. Айта кететін жайт, егер бұрын импорт өсімінің драйвері – аралық тауарлар мен өндіріс құралдары болса, қазір көрініс біршама басқаша: аралық және инвестициялық тауарлардың импорты қысқаруда (-5%), ал байқалып отырған импорттың өсімі тұтыну тауарларының есебінен, ең алдымен, азық-түлікке жатпайтын тауарлар импортының артуы себебінен болып отыр.

Жыл басынан бері біз тұтыну тауарлары импортының өткен жылға (2020 жылдың 9 айына +21%-ға) және пандемияға дейінгі 2019 жылға қатысты да (+27%) өскенін байқадық. Импорт құрылымындағы халықтық тұтыну тауарларының үлесі де 2020 жылдың 9 айындағы 25%-дан биыл 30%-ға дейін өсті.

Өздеріңіз білетіндей, тұтыну тауарларының импорты азық-түліктен (үлесі – 28%) және азық-түлікке жатпайтын (үлесі – 72%) тауарлардан тұрады.

– *Қазақстан негізінен қандай азық-түлік өнімдерін импорттайды?*
– 2021 жылдың 9 айында негізгі импортталған азық-түлік өнімдері – сусындар (141 млн доллар), ұннан жасалған кондитерлік өнімдер (134 млн доллар), қант (119 млн доллар), шоколад (109 млн доллар) және құс еті (104 млн доллар) болды.

Осы жылдың қаңтар-қыркүйек айларында азық-түлік тауарларының импорты 11%-ға өсіп, 2,4 млрд

АҚШ долларын құрады. Ең үлкен өсім сусындар (+60 млн АҚШ доллары) – негізінен, Ресейден; Қытай мен Ираннан – жаңғақтар (+28 млн АҚШ доллары); Ресей мен Беларусьтен – шұжықтар (+21 млн АҚШ доллары); Норвегиядан – мұздатылған балық (+18 млн АҚШ доллары); Эквадордан – банан (+14 млн АҚШ доллары); Ресейден – ұннан жасалған кондитерлік өнімдер (+13 млн АҚШ доллары) сияқты тауарларды жеткізуде байқалды. Бұл тауарлардың импорты 2019 жылға қарағанда да өскен.

Импорттық азық-түлік өнімдерінің негізгі жеткізушісі – Ресей. Ол жақтан шетелдік азық-түлік өнімдерінің жартысы импортталды. Басқа импорттаушы елдердің ішінде Өзбекстанның үлесі 7,4%, Беларусь пен Қытайдың үлесі, сәйкесінше, 5% және 4,9% алады.

Қазақстанға азық-түлік тауарлары бірқатар себептерге байланысты импортталады. Олардың ең бастысы – қазақстандық өндірістің жеткіліксіздігі. Қант, шұжық, ірімшік, сүзбе, алма, маргарин сияқты тауарлар отандық өндіріспен толық қамтылмай қалып отыр.

Сонымен қатар, импортты ынталандыратын басқа да факторлар бар. Бұлардың арасында шетелдегі неғұрлым қолайлы бағалар да, өнім түрлерінің алуан түрлілігі де, өнімнің жекелеген түрлерін өсіру мен өндірудің климаттық ерекшеліктері де кездеседі.

– *Азық-түлікке жатпайтын тауарларға келсек, әсіресе, автосалондарда көліктің тапшылығын, тіпті жоқтығын ескере отырып,*

автокөлік импортындағы үрдістер туралы айтып берсеңіз?
– Биыл азық-түлікке жатпайтын тауарлар импортының жоғары қарқыны байқалды. 2021 жылдың 9 айында азық-түлікке жатпайтын тауарларды жеткізу 2020 жылмен салыстырғанда 25,9%-ға және дағдарысқа дейінгі 2019 жылға қарағанда 30,7%-ға өсіп, 6,3 млрд АҚШ долларын құрады. Ең көп өсімді Ресейден, Өзбекстаннан және Жапониядан – автомобильдер (+501 млн АҚШ доллары, 1 млрд АҚШ долларына дейін), Қытайдан – аяқ киімдер (+164 млн АҚШ доллары, 417 млн АҚШ долларына дейін), Қытай мен Түркиядан – киімдер (+161 млн АҚШ доллары, 627 млн АҚШ долларына дейін), сондай-ақ Ресейден – мониторлар мен проекторлар (+71 млн АҚШ доллары, 164 млн АҚШ долларына дейін) импорты көрсетті. Ішкі сұранысты импорттық азық-түлікке жатпайтын тауарлармен қанағаттандыру – қазақстандық өндірістің жеткіліксіз дамуына байланысты.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар, негізінен, Ресейден (30,1%) және Қытайдан (28,3%) импортталады. Оларды жеткізушілер бестігіне ЕО елдері (14,2%), Түркия (5%) және Өзбекстан (4,8%) кіреді.

Бүкіл әлемде орын алып отырған құрамдас бөліктердің, оның ішінде чиптердің жетіспеушілігінен туындаған өндірістік шектеулерге байланысты автокөліктердің тапшылығын атап өткім келеді. Қазақстандық автобизнес қауымдастығының мәліметінше, биылғы 9 айда Қазақстан нарығындағы көліктердің сатылымы 36,3%-ға өсіп, 86,6 мың данаға жетті. Қарастырылып отырған кезеңде ақшалай импорт екі есеге жуық өсті. Жеңіл автомобильдерді сату қарқынының олардың отандық өндірісінің қарқынынан жоғары болуының себебінен (21%-ға қарсы 30%) қалыптасқан сұраныс дайын автокөліктердің импортын ынталандырады.

Сонымен қатар, отандық автомобиль өндірісі әлі де құрамдас бөліктердің импортына өте тәуелді. Бұл тұрғыда халық сұранысының артуы

– дайын көліктерге деген сұранысты және ел ішінде одан әрі құрастыру үшін құрамдас бөліктерді импорттауды ынталандырады.

– *Тұтыну тауарлары импортының бұлайша күрт артуына не себеп?*
– Тұтыну тауарлары импортының ұлғаюының негізгі себептері – елдегі экономикалық белсенділіктің қалпына келуі және халықтың төлем қабілеті сұранысының артуы.

Жыл басынан бері ел экономикасының жүйелі түрде қалыпқа келуін байқадық. Мәселен, 2021 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында ЖІӨ өсімі 3,4%-ды құрады.

Халықтың төлем қабілетті сұранысына келетін болсақ, ол, әдетте, халықтың өз қаражаты мен тұтыну несиеі есебінен қамтамасыз етіледі. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2021 жылдың 9 айында жан басына шаққандағы халықтың нақты ақшалай табысының да (+5,0%), атаулы табысының да (+13,2%) өсуі байқалды. Халықтың несие қабілеттілігінің көрсеткіші ретінде табыстың өсуі – жаңа тұтынушылық несиелердің көптеп берілуіне ықпал етеді. Осылайша, 2021 жылдың 9 айында жеке тұлғаларға берілген тұтынушылық несиелер – дағдарысты 2020 жылмен салыстырғанда екі есе, ал 2019 жылға қарағанда 54,3%-ға өсті.

Отандық өндірістің артта қалуы жағдайында халық тарапынан тұтыну тауарларына сұраныстың белсенді қалпына келуі, сондай-ақ азық-түлік, шикізат, металдар мен автомобильдер бағасы өсуінің жаһандық инфляциялық үрдістері, экономикада проинфляциялық қысым тудыртады. Халықтың төлем қабілеті сұранысының қалыпқа келуі жағдайында, бағаға қысым шетел валютасына сұраныстың артуына байланысты айырбас бағамы арнасы арқылы көрінеді.

Тауарлар импортының ерекшелігі – инвестициялық импорт, көбінесе, тікелей шетелдік инвестициялар есебінен қаржыландырылады. Осылайша, мұндай тауарларды сатып алудың валюта бағамына және тұтастай алғанда, валюта нарығына қысымы тұтынушылық импортпен салыстырғанда мардымсыз. Шетелдік тұтыну тауарларының жеткізілімін төлеу үшін валюта ішкі валюта нарығында сатып алынады. Тұтыну импортының айтарлықтай артуы, өз кезегінде, әлемдік мұнай нарықтарындағы оң конъюнктураның валюта бағамының қозғалысына әсер етуіне жол бермей, шетел валютасына сұраныстың артуына әкеледі.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазан айында 2800-ден астам алтын құйма сатылды

2021 жыл, 17 қараша

2021 жылдың қазан айында екінші деңгейлі банктер мен банктік емес айырбастау пункттерінен жалпы салмағы 88,6 кг өлшенген 2 814 құйма сатылды.

Халық үшін тазартылған алтын құймаларын сату және сатып алу бағдарламасын (бұдан кейін – Бағдарлама) Ұлттық Банк 2017 жылы іске қосқан болатын. Бағдарлама іске қосылғаннан бері жалпы салмағы 2,5 т. 68 230 алтын құйма сатылды.

Алтын құймалардың бес түрі сатылады: 5, 10, 20, 50 және 100 грамм салмақтағы құймалар. Ал сатып алушылар арасында ең көп сұранысқа ие құйма – 10 грамдық құйма. Оның жалпы сатылым көлеміндегі үлесі 28% немесе 19 090 дана. Одан кейін сұранысқа ие түрлері – салмағы 100 грамдық – 15 204 дана (22%) және 20 грамдық – 13 282 дана (20%), 5 грамдық – 11 651 дана (17%), 50 грамдық – 9 003 (13%) құйма. Көбінесе, алтын құймалар Алматы, Нұр-Сұлтан және Атырау қалаларының тұрғындары арасында сұранысқа ие.

Жалпы, алтын құймалар инвестицияның сенімді құралы бола алады. Алтын құймалар нарығындағы жоғары сатылымды қамтамасыз ететін басты факторлардың бірі – екінші деңгейлі банктер мен банктік емес ұйымдар тұтынушыға ақшаны тапсырған күні төлеп, алтын құйманы кері сатып ала алады.

Бағдарлама іске қосылғаннан бері екінші деңгейлі банктер мен жекелеген банктік емес айырбастау пункттері жалпы салмағы 247 кг өлшенген 10 126 құйманы кері сатып алуға қабылдады, бұл жалпы құймалардың 15%-ын құрайды. Қабылданған құймалардың барлығы дерлік Ұлттық Банктің аумақтың филиалдарына қайтарылмастан халыққа сатылады.

Әрбір алтын құйма оны қорғап тұратын элементтермен (құймалардың беті қапталып, микротексти жазылады және рельефт жиегі салынады) және арнайы қорапқа салынып жасалады, қорап құйманы механикалық тұрғыда қорғайды, әрі қорап ашылған-ашылмағанын оңай тексеруге болады. Қорап, сондай-ақ, сапа сертификатына да жауап береді. Сондықтан, құйманы дұрыс сақтап, қорабын бүлдірмеген жөн.

Қазіргі таңда алтын құймаларды Halyk Bank, Еуразиялық банк, Jusan Bank, Банк-ЦентрКредит және банктік емес айырбастау пункттерінен сатып алуға және кері сатуға болады.

ПӘРМЕН

Қазақ халқында қыз балаға, жалпы әйелдер қауымына деген құрмет ежелден жоғары. Әйелді отбасының алтын қазығы санап, қашанда қадірлеген. Бұл үрдіс бүгін жалғасын тауып келеді. Елімізде әйелдер ерлермен тең құқықтық дәрежеде. Ол Ата Заңымызда көрсетілген. Гендерлік теңдіктің негізгі міндеттері «Қазақстан Республикасы гендерлік саясат тұжырымдама-сы» туралы Үкімет қаулысымен айқындалған.



НӘЗІКЖАНДЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚАШАНДА МАҢЫЗДЫ

Әйелдер құқығы жөніндегі конвенция әйелдер теңсіздігін өмірдің барлық саласы бойынша дамытады. Әйелдердің халықаралық құжаттарда, сонымен қатар ел заңдарында бекітілген құқықтары, міндеттері мен мүдделері бар. Мәселен, «Еңбек туралы» заңда әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстар тізімі белгіленген. Соған сәйкес әйелдердің еңбегін ауыр жұмыстарда пайдалануға және олар үшін белгіленген шекті нормалардан асатын жүкті

колмен көтеруге, жылжытуға тыйым салынған.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адамның құқықтарын қорғауды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын. Атап айтқанда, жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп, не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жыныстық

қатынас жасау ауыр санаттағы қылмысқа ауыстырылды, әрі бұл мәселеде тараптардың татуласу мүмкіндігі алынып тасталды. Бұлай дейтініміз, біздің мемлекет үшін әйелдер құқығының қорғалуы мен олардың мүдделерінің сақталуы қашанда маңызды. Өкініштісі, қоғамымызда отбасының берекесін алып, әйеліне зәбір көрсететіндер жоқ емес. Шаңырақтың шайқалуы көп жағдайда зорлық-зомбылықпен тығыз байланысты. Сондықтан зәбір көрген әйелдер қауымы өз тағдырына

немқұрайдылық танытпай, құқығы мен бостандығы қорғалу үшін дер кезінде заң органдарына жүгініп жатады.

Соттарда әйелдердің құқығын қорғау, әйелдерді тұрмыстық зорлық-зомбылықтан сақтандыру мақсатында көптеген ақпараттық, құқықтық шаралар өтіп тұрады. Судьялар және кеңсе қызметкерлері тұрмыстық зорлық-зомбылық, неке бұзу және алимент өндіру істері бойынша құқықтық көмек беріп, сауат көтеру мақсатында дәрістер өткізеді Мұндай шаралардың

заңсыздықтың алдын алуда, нәзік жандылардың сауатын көтеруде пайдасы орасан зор.

«Әке баласын тәрбиелейді, ана ұлтты тәрбиелейді» деген мақал бекер айтылмаса керек. Қазақстанда демографиялық өсімді қамтамасыз етуде әйелдердің үлесіне баға жетпейді, себебі балалардың туылуы, олардың тәрбиесі аналардың мойнында, сонымен қатар олар өмірлік маңызды салаларда еңбек етеді, мемлекеттік басқару жүйесінің көп бөлігі солардың еншісінде.

Әйел отбасы құндылықтарының мүддесін қорғайды. Күнделікті және байқалмайтын отбасы туралы қамқорлық, өз жанұясы үшін жан жайлылығын жасау, жайлы жағдай және амандық – бұлардың барлығы әрбір әйел үшін абзал міндет. Алайда бұл әйелдің мойнына барлық ауыртпалықты жүктеу дегенді білдірмейді, ең алдымен, ол – бүгінгі күні ескірген түсінікті өзгертін және ерлермен тең дәрежеде өз мақсаттарына лайықты қол жеткізуші адамзаттың тамаша жартысы. Біздің елімізде гендерлік теңдіктің талаптарын орындау мақсатында әйелдердің ерлермен тең қатысуы, өз бизнесін дамыту және қызмет бабымен көтерілу, отбасындағы тең құқықтарды шешуге және тағы басқа құқықтарды жүзеге асыруына толық мүмкіндік жасалған.

А.ШЕКЕНОВА,
Ақтобе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы

ЖАРИЯ ШАРТ

Нұр-Сұлтан қ. _

« » _____ 20 __ жыл

Осы Жария шарт (бұдан әрі – Шарт) жалпы қолданыстағы республикалық маңызы бар ақылы автомобиль жолдарымен (жол учаскелерімен) жүріп өту шарттарын және 30 мамыр 2013 жылғы №2/7 шарт бойынша сенімгерлік басқарма ретінде «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ, оның атынан әрекет ететін, бұдан әріде «Оператор» деп аталатын, «Ақылы автомобиль жолдары дирекциясы» филиалы, осы шарттың талаптарына қосылған «Пайдаланушы», онда көрсетілген шарттарға сәйкес әрекет етеді, бұдан әрі «Пайдаланушы» деп аталады.

1. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар

1) Ақылы жолды ұйымдастырушы – Автообдилль жолдарын басқару жөніндегі Ұлттық оператор (бұдан әрі - Оператор) – «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ атынан, Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес, өкілеттілікті іске асырушы «Ақылы автомобиль жолдары дирекциясы» филиалы.

2) Оператордың өкілі – Оператор өкілеттілік берген тұлға Көрсетілетін қызметтерге байланысты мәселелер бойынша оның мүддесін қорғайды.

3) Ақылы автомобиль жолдарын пайдаланушылар (бұдан әрі – Пайдаланушылар) – автокөлік қозғалысының қатысушылары болып табылатын немесе автомобиль жолдары мен жол жиегінің қозғалысы шегінде басқа қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар және / немесе ақылы жүретін көлік құралдарының иелері жолдар (учаскелер).

4) Көлік құралының иесі – көлік құралының иесі, сондай -ақ, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында немесе басқа заңды негізде көлік құралын иеленуші тұлға (жалдау құқығы, беру туралы тиісті уәкілет-тің бұйрығы) көлік осы адамға.

5) Ақылы автомобиль жолдары (жол учаскелері) (бұдан әрі – Ақылы жол учаскелері) – оларға қатысты оларды ақылы түрде пайдалану туралы шешім қабылданған және олармен жүріп өту үшін ақы алынатын автомобиль жолдары (жол учаскелері).

6) Жүріп өту үшін ақы алудың бағдарламалық-аппарат-тық кешені (Ақы алу жүйесі) (бұдан әрі – ААЖ) – Ақылы жол учаскелерімен жүріп өту үшін ақы алуға арналған, жабдық, бағдарламалық жасақтама және автомобиль жолдары элементтерінің жиынтығы.

7) Ақы алу пункті (бұдан әрі – ААП) – ақылы автомобиль жолдарында (жол учаскелерінде) орналасқан, автокөлік құралдарын бақылау мен бірдейлендіруге мүмкіндік беретін техникалық құралдармен жабдықталған және онда автомобиль жолдарын пайдаланушылар жүріп өту үшін ақы төлеуді жүзеге асыратын өткізу пункті.

8) Шарт – азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы екі немесе бірнеше тұлға-лардың келісімі.

9) Көрсетілетін қызмет – Оператордың Ақылы жол учаскесінде жолдың бүкіл ұзындығы бойында көлік қозғалысының жоғары, қауіпсіз жылдамдығы қамтамасыз етіле отырып, жүріп өтудің жоғары сапасын ұйымдас-тыруы, сондай-ақ, Ақылы жол учаскесімен жүріп өту үшін ақы алуды заманауи төлем тәсілімен алу бойынша Оператордың іс-әрекеті.

10) Ақылы автомобиль жолдарымен (жол учаскелерімен) жүріп өту үшін ақы алу Ережесі – қолданыстағы заңнамаға сәйкес өкілетті мемлекеттік орган бекіткен, Ақылы жол учаскелерімен жүріп өту үшін ақы алу тәртібін реттейтін құқықтық акт.

11) Бақылау арқасы – көлік құралдарын бірдейлендіру және есебін жүргізуге арналған Ақылы жол учаскелерінде орналасқан техникалық құрылғылар кешені.

12) Ставка – бұл Қазақстан Республикасының қолда-ныстағы заңнамаларына сәйкес автомобиль жолдары бойынша уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген, Ақылы жол учаскелері аумағында жүріп өту үшін төлем мөлшері.

13) Аймақ – бұл өзінің узактығы және көлік құралының жүк көтерімділігіне және типіне байланысты ақы төлеудің белгілі бір ставкасы бар Ақылы жол учаскесінің үзгі.

14) Алдын-ала төлеу – Ақылы жол учаскесімен жүріп өту үшін ақы төлеу үшін жеткілікті дербес шотқа және/ немесе МТНБ шотына аударыларн ақшалай қаражат.

15) Токтаусыз жүріп өтудің ААП жолағы – Абоненттік төлем немесе алдын ала төлем жасаған Пайдаланушылар үшін Ақылы жол учаскелерінен ААП арқылы шығу жолағы. Токтаусыз оту ААП жолағы ерекшелену сипатына, жол белгілерімен тиісті белгілерге ие және жасыл түспен боялған болуы мүмкін.

16) Абоненттік төлем –тіркелген күннен бастап 365 күнтізбелік күн ішінде екі бағыт бойынша да барлық бағыт бойынша төлем ставкасына сәйкес Ұлттық оператор Пайдаланушыдан Шарт негізінде ақылы жолдардың (учаскелердің) тарифі, уәкілетті мемлекеттік орган белгіле-ген абоненттік төлем.

17) Дербес шот – көрсетілген қызмет көлемін, жасалған шарт аясында енгізілген ақшалай қаражаттың түсуі және жаратылуын есептеу үшін Пайдаланушының атына бекі-тілген ААЖ-да есепке алу шоты.

18) МТНБ – көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері, механикалық автокөлік құралына мемлекеттік органмен тағайындалған дербес сандық-цифрлық белгілері бар бұйым.

19) МТНБ шоты – бұл Пайдаланушының ААЖ дербес шоты. Көлік құралының МТНБ шоттың бірдейлендіргіші болып табылады.

20) Маршруттық карта – Пайдаланушы мөлшерінің есебін, төлемін, ақылы учаскі бойынша қозғалыс бағытын анықтайтын мобильді қосымша.

21) Терминал – Пайдаланушыдан Ақылы жол учас-келерімен жүріп өтуі үшін ақы алудың техникалық құралымен жабдықталған, ААП орналасқан бағдарламалық-аппаратты кешен құрылғысы.

22) RFID-белгі – автокөлікті және оның МТБН-сін қосымша сәйкестендіру үшін пайдаланылатын, ААЖ-ге енгізілген жеке нөмірі бар, іріктірілген қуаты жоқ, ашу немесе алу кезінде өзін-өзі бұзатын функциясы бар электрондық радио жиілікті сәйкестендіру құрылғысы оқырманға енген кезде танылады.

23) ЖКА – жол-көлік апаты көлік құралы Ақылы жол учаскесімен жүріп өтуі кезінде және оның қатысуымен пайда болған, адамдар қаза тапқан немесе жарақаттанған, көлік құралдары зақымданған, ЖКА салдарынан Опе-ратордың мүлкіне материалдық зиян келтірілген оқиға.

24) ЖКА актісі – Ақылы жол учаскесінде Пайдалану-шының көлік құралының қатысуымен ЖКА салдарынан орын алған оқиға сипатталған құжат.

25) Жүріп өту үшін төлем жасалмағандығы туралы акт – Пайдаланушының Ақылы жол учаскесімен төлемсіз жүріп өтуін куәландыратын құжат, ол ААП-де Оператордың өкілімен құрылады және бір данасы Пайдаланушыға беріледі.

26) Хабарлама – жол жүрісі ұйымдастырушы ақылы учаскесіне кірер алдында, ақылы учаскіге кіру туралы хабарламасы бар ақпараттық тақтаны, сонымен қатар ақы-лы учаскені Пайдаланушыларға арналған басқа ақпаратты орналастырады.

27) Жүріп өткені үшін дер кезінде төлем жасамау – жүріп өту үшін ақы алу кезінде МТНБ шотында және/ немесе дербес шотта ақшалай қаражаттың болмауы және/ немесе жеткіліксіздігі.

28) Байланыс орталығы – байланыстың дауыс шығару каналдары, электрондық және пошта қызметі арқылы Пайдаланушылардың өтінішін өңдеуді іске асыратын, сондай-ақ, Пайдаланушылардың өтінішімен жұмыстарды онлайн – шат режимінде іске асыратын Оператордың құрылымдық бөлімшесі.

29) Жеке кабинет – дербес шоттағы және МТНБ шотындағы ақшалай қаражат қозғалысы туралы ақпарат алу үшін, сондай-ақ шотты тоқтату, көрсетілетін қызмет-терді басқару және Ақылы жол учаскелерінің жұмысына қатысты басқа да ақпараттарды алу үшін графикалық интерфейсі бар Пайдаланушының өзі тіркеген Оператордың интернет-ресурсындағы немесе мобильдік қосымшадағы Пайдаланушының дербес бөлімі.

30) Оператордың сайты – интернет желісіндегі опера-

тордың ақпараттық ресурсы (www.QAJ.kz)

31) Мобильдік қосымша – (QAJ.kz) – смартфондарда және басқа да мобильдік құрылғыларда жұмыс жасауға арналған бағдарламалық жасақтама.

2. Шарттың мәні

2.1. Оператор қызмет көрсетеді, ал Пайдаланушы Оператор көрсеткен қызмет үшін осы Шартта көзделген тәртіппен, Ақы алу қағидаларына және ставкасына сәйкес ақы төлейді.

2.2. Осы Шарт жария шарт болып табылады, оның шарттары Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес әзірленген және Оператордың жеке өзімен белгі-ленеді. Шарттың талаптарын Пайдаланушы Ақылы жол учаскесіне шыққан мезетте оған толық қосылу арқылы қабылдайды.

3. Көрсетілетін қызметтер құны және есептесу тәртібі

3.1. Көрсетілетін қызметтің құны Ақылы жол учаске-лерінің аймақтарымен жүріп өту құнынан ставкаға сәйкес құрылады.

3.2. Көрсетілген қызмет үшін ақы төлеу мынадай тәсіл-дермен жүргізіледі:

- Алдын ала төлем жасау;
- ААП-да төлеу.
- абоненттік төлем тіркелген күннен бастап 365 күнтіз-белік күн ішінде екі бағыт бойынша да барлық бағыт бойынша абоненттік төлем жасау.

3.3. Оператор Қазақстан Республикасының заңнама-сында белгіленген мерзімде Пайдаланушыларға электронды шот-фактура беріледі. Шот-фактураны Оператор ААЖ-нен жол жүру мәліметтеріне сәйкес негізінде беріледі.

3.4. Ақылы автомобиль жолы (жол учаскесі) бойынша автокөлік құралдарының жүріп өту үшін ақы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі.

4. RFID-белгі

RFID-белгі – мобильді қосымша немесе оператордың ресми сайты арқылы пайдаланушының жеке шотына оның бірегей нөмірін, деректерін енгізу арқылы тіркеледі. RFID-белгінің тіркеу фактісі, МТНБ-ға идентификаторды бекіту болып есептеледі.

Оператор немесе оператор уәкілеттік берген тұлға тұты-нушыларға қызмет көрсету орталықтарында және ААП-де RFID-белгісін Пайдаланушының көлігіне орнатады.

RFID-белгіні Пайдаланушы сатып алады және көлікке көлденеңінен атмосфералық немесе металлданбаған жабыны жоқ жерге орналастырады. RFID-белгіні алғаш рет орнату тегін жүргізіледі, қайтадан орнату ақылы түрде жүргізіледі.

RFID-белгінің зақымдануы немесе оның жұмысы кезінде көлік құралының МТНБ-сы өзгерген жағдайда, пайдаланушы жаңа RFID-белгінің бірегей нөмірін жеке кабинетте тіркеуі қажет.

5. Жол жүріп өткені үшін есеп айырысу тәртібі

5.1. Ақылы жол учаскесімен жүріп өту үшін ақы норма-тивтік-құқықтық актілермен, қағидалармен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен белгі-ленген тәртіппен алынады.

5.2. МТНБ шотынан және/немесе дербес шоттан ақша-лай қаражатты шығару мынадай тәртіппен:

5.2.1. жүріп өткені үшін қарызы болған жағдайда қара-жат шоттан және МТБН-нін/ немесе жеке шоттан есептен шығарылады.

5.2.2. Пайдаланушылардан жүріп өткені үшін абоненттік төлем жылына бір рет, тіркеу кезінде есептен шығарылады.

6. Тараптардың құқығы мен міндеттері

6.1. Оператор құқылы:

6.1.1. дербес деректерді «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңына және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сәйкес іске асыруға;

6.1.2. бірдейлендіру техникалық құрылғылардың көме-гімен автокөлік құралдарының Ақылы жол учаскесіне кіруін және шығуын белгілеуге;

6.1.3. Ақылы жол учаскесінде жүріп өткен Пайдалану-шының көлік құралын бірдейлендіру үшін түрлі тәсілдер және техникалық құралдар пайдалануға;

6.1.4. егер Пайдаланушы Ереже және осы Шарттың белгіленген талаптарын сақтаудан бас тартқан жағдайда, Оператор ақылы учаскеде АПП орнатылған болса, ААП-да қозғалысты кедергі және/немесе шлагбаум көмегімен блоктауға құқылы.

Егер Пайдаланушы Ақылы жол учаскесінен шыққан кезде себептеріне қарамастан *(қолма-қол ақшаның жоқтығы, банк картасының ақаулығы және т.б.)* төлем жасауды жүзеге асырмаған жағдайда Оператор Пайдаланушының деректерін бірдейлендіру үшін құжаттардың көшірмесін, Пайдаланушының жеке куәлігін, көлік құралын тіркеу туралы куәлікті талап етуге және мұндай Пайдаланушыға қатысты жүріп өткені үшін ақы төленбегені туралы акт толтыруға құқылы *осы Шарттың №1-қосымшасы*;

6.1.5. егер Ақылы учаскеде АПП орнатылған жағдайда, ААП-да техникалық ірікілі туындаған жағдайда жүріп өту үшін жасалған барлық төлемдерді сақтай отырып, көлік құралдары еркін өту үшін шлагбаумды ашуға.

Егер Операторда ААП-да техникалық жұмыстар жүргізу қажеттілігі туындаған болса, онда Оператор, Пайдаланушы жүріп өту үшін төленген ақы Пайдаланушының МТНБ шотын толтыру болатын, тек соңғы шекаралас аймақ үшін ақы ала отырып, ААП жұмысын апаттық режимге көшіру құқығын өзіне қалдырады.

6.1.6. Пайдаланушы қалдырып кеткен және/немесе апатты көлік құралын, егер аталған көлік құралы басқа көлік құралдарының Ақылы жол учаскесі бойымен қозғалысы үшін қауіп төндірсе не басқа көлік құралдарының қозғалысын қиындататын және көлік ағыны қозғалысын баяулататын болса, оны басқа орынға ауыстырып жоюға. Көлік құралының орнын ауыстыру қозғалыстың бағытымен Ақылы жол учаскесінің жақын маңдағы тұрағына қарай жүргізіледі. Бұл арада мұндай көлік құралының орнын ауыстырғаны үшін Пайдаланушыдан ақы алынбайды.

Егер Ақылы жол учаскесінде Пайдаланушының қатысуымен Оператордың мүлкіне материалдық зиян келтірілген ЖКА болған жағдайда, онда Оператор ЖКА орнында, Пайдаланушыдан Оператордың мүлкіне келтірілген материалдық шығын сомасын өтеп алу үшін, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес, бір жақты тәртіппен Акт жасауға құқылы *осы Шартқа №3-қосымша*;

6.1.7. Ақылы жол учаскесінде Пайдаланушы қоныс ластыру фактісі туралы ақпаратты уәкілетті мемлекеттік органға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін жіберуге;

6.1.8. көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға Ақылы жол учаскесімен жүріп өтуге арнайы рұқсаты жоқ үлкен габаритті және (немесе) ауыр салмақты көлік құралы туралы ақпарат беруге;

6.1.9. жүріп өткені үшін дер кезінде ақы төлемеген жағдайда көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін материал жіберуге;

6.1.10. 6 айдан көп уақыт бойы жүріп өткені үшін қарызы бар пайдаланушы туралы ақпаратты «Бірінші кредиттік бюроға» жіберуге;

6.1.11. тиісті ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында немесе Оператордың сайтында жариялай отырып, осы Шарттың талаптарына, Қызмет көрсету шарттарына өзгеріс немесе толықтырулар енгізуге;

6.1.12. Сот арқылы және ҚР «Нотариат» туралы заңына сәйкес Ақылы жол учаскесімен жүріп өткені үшін қарыз сомасын Пайдаланушыдан талап етуге құқылы;

6.1.13. Қазақстан Республикасының заңнамасымен

тыйым салынбаған басқа да әрекеттерді жасауға.

6.2. Оператор міндетті:

6.2.1. Оператормен, қағидалармен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы талаптармен анықтанған шарттарға сәйкес Пайдаланушыға қызмет көрсетуге;

6.2.2. Ақылы жол учаскесімен жүріп өту үшін ақыны ставкаға сәйкес алуды жүргізуге;

6.2.3. Ақылы жол учаскесін Пайдаланушыға жүріп өту ақысы, Ақылы жол учаскесінің ұзактығы, Ақылы жол учаскесін пайдалану тәртібі, ставкалар, ақы төлеу тәртібі мен тәсілдері, ақы төлеу кезіндегі жеңілдіктер туралы ақпарат ұсынуға, Пайдаланушыларға жабық тұрған Ақылы жол учаскелері туралы хабарлауға;

6.2.4. көлік құралдарының Ақылы жол учаскесімен кідіріссіз және қауіпсіз жүріп өтуіне кедергі келтіретін ақауларды жоюға.

6.3. Пайдаланушы құқылы:

6.3.1.Ақылы жол учаскесімен жүріп өту шарттары туралы толық және шынайы ақпарат алуға;

6.3.2. Ақылы жол учаскесімен қозғалуды тоқтату немесе шектеу себептері туралы түсінік алуға;

6.3.3. Ақылы жол учаскесімен жүріп өту ақысы, Ақылы жол учаскесінің ұзактығы, Ақылы жол учаскесін пайдалану тәртібі, ставкалар, ақы төлеу тәртібі мен тәсілдері, ақы төлеу кезіндегі жеңілдіктер туралы және Ақылы жол учаскесімен жүріп өтуге қатысты т.б. туралы толық және шынайы ақпарат алуға;

6.3.4. Оператор ұсынған сервистерді пайдалана отырып Пайдаланушының дербес шотын және/немесе МТНБ шотын толықтыруға;

6.3.5. Пайдаланушыда Қағиданы бұзуға қатысты күмән туындаған жағдайда Операторға жүріп өткені үшін ақы сомасын қайта қарау үшін жазбаша өтінішпен жүгінуге;

6.3.6. «Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Респу-бликасы заңының 5-2-бабына сәйкес Ақылы жол учаскесін пайдаланғаны үшін жеңілдік алуға;

6.3.7. Операторға мыналар арқылы жүгінуге:

– Байланыс орталығына **1403** қысқа телефон нөмірі арқылы;

– Электрондық поштамен **dpad@qaj.kz, info@qaj.kz**;

– Оператордың мекенжайына жіберілген ресми хат алмасу арқылы;

– QAJ mobile ашық желі арқылы;

– Ашық желі https://qaj.kz арқылы;

– Телеграмм бота https://t.me/kazautozholbot;

6.3.8. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да құқықтарды пайдалануға;

6.3.9. Қызмет көрсету жөніндегі шарттар және ставка-лармен танысуға.

6.4. Пайдаланушы міндетті:

6.4.1. көлік құралын жылдамдық режимін, сондай-ақ, Жол қозғалысы ережелерін сақтай отырып басқаруға, белгіленген шектеуден аспауға, бұл арада қозғалыстың қарқындығын, көлік құралының және жүктің ерекшелігі мен жағдайын, жол және қозғалыс бағытының көрінуін қоса алғанда, метеоролиялық жағдайды ескеруге;

6.4.2. көлік құралының қозғалысына кедергі және (немесе) қауіп туындаған жағдайда, тіпті көлік құралын тоқтатқанға дейін, жылдамдық түсіру шарасын қолдануға немесе басқа қатысушыларға қауіпсіз қозғалыс бойынша кедергіні айналып өтуге;

6.4.3. габариті, массасы және/немесе өстік жүктемесі көлік құралының рұқсат етілген параметрінен асатын көлік құралымен жүру үшін Операторға Қазақстан Респу-бликасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес арнайы рұқсат ұсынуға;

1.1.4. ААП және жол белгілері арқылы жүріп өту кезінде орнатылған ақпараттық таблоға сәйкес көлік құралы қозғалысының тиісті жолағымен жүріп өтуді іске асыруға;

6.4.5. ААП-дан өту кезінде орнатылған жол белгілеріне сәйкес, алдыда жүріп келе жатқан көлік құралына дейінгі арақашықты, сондай-ақ, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бүйір жақ арақашықты сақтауға;

6.4.6. ААП-ның арнайы жабдықталған техникалық құрылғысы МТНБ-ны RFID-белгісі арқылы дұрыс оқуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының стандарттарының талаптарына сәйкес көлік құралын МТНБ орнатуға;

6.4.7. Ақылы жол учаскесінің бүкіл ұзындығы бойында төлем жасалғандығын растайтын фискальды чек және/ немесе басқа да құжатты сақтауға;

6.4.8. Оператордың сұранысы бойынша құжаттардың көшірмелерін, деректерді бірдейлендіру үшін жеке куәлікті, көлік құралын тіркеу туралы куәлікті ұсынуға;

6.4.9. Ақылы жол учаскесімен жүріп өткені үшін қарызы Оператор көрсеткен, Акт және/немесе Хабарламада көрсетілген мерзімде жоюға;

6.4.10 Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген басқа да міндеттерді орындауға.

7. Құпиялылық

7.1. Тараптар Шартты орындау кезінде алынған ақпа-ратты Тараптардың әрқайсысы үшін құпия болып табыла-тын ақпаратты жарияламауға міндеттенеді.

7.1.1. Келісімдегі құпия ақпарат көпшілікке қолжетімді емес ақпаратты білдіреді, оның ашылуы тараптардың кез келгенінің іскерлік беделіне зиян келтіруі мүмкін және / немесе әсер етуі мүмкін, соның ішінде:

- осы Шартты жасау және орындау кезінде алынған Пайдаланушы мен Оператор туралы ақпарат;
- көрсетілетін қызметтер көлемі мен олардың құны туралы ақпарат;

7.1.2. Тараптар өздерінің аффилирленген тұлғаларын, аудиторларын, салықтық, кедендік және басқа да мемле-кеттік органдарды, сондай -ақ, тараптардың әрқайсысының атынан ақпарат алуға және беруге құқығы бар жауапты тұлғаларды қоспағанда, көрсетілген Құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға бермеуге міндеттенеді. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты.

7.1.3. Құпия ақпарат заңмен белгіленген жағдайларда және тәртіпте ғана басқа адамдарға

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

ӘЙЕЛ - ҮЙДІҢ ШЫРАҒЫ

Мемлекет басшысының қолдауымен гендерлік теңдік аясында «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заң қабылданған болатын. Қазіргі кезеңде азаматтық қоғам ұлттық гендерлік саясатты жүзеге асыруға және өмірдің барлық саласында гендерлік саясатты жүзеге асыруға және өмірдің барлық саласында гендерлік теңдікке қол жеткізу тетігін жасауға белсенді түрде, кең көлемде жұмыстар жүріп жатыр. «Отбасы – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заң тек әйелдерге ғана емес, отбасының басқа да мүшелерінің тең құқықтарын сақтап, тұрмыстағы қысымды болдырмауға ықпал етеді. Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысы күшейтілді.

Десек те, тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі толық шешілмеген. Сарапшылардың айтуы бойынша, еліміздегі әрбір үшінші әйел психологиялық зорлық-зомбылыққа, әрбір жетіншісі – физикалық, әрбір тоғызыншысы – экономикалық және әрбір оныншысы сексуалдық зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Күйеуінен зорлық-зомбылық көрген әйелдер көбіне жұрттан ұялып, ол жайтты жасырып қалады. Шағым түсіруге күйеуім қысымды күшейтеді деп қорқады да, көп жайт отбасының айналасында қалып қояды. Елімізде неке қию саны төмендеп, есесіне ажырасулар саны өсіп барады. Соның салдарынан толық емес отбасылар құрамында жалғызбасты аналардың саны басым.

Қазіргідей дамыған заманда әйел қорғау қай қоғамда болсын басты мәселе болып саналады. Соған қарамастан әйелдер қауымының 40-60 пайызы отбасында, сонымен қатар, кездейсоқ жағдайындағы озбырлыққа ұшырайды.

Әйелдерге қарсы жасалатын қылмыстардың басты себептері: сезікті

мен зәбір көрушінің бірігіп спирттік ішімдікті асыра ішуі, маскүнемдік әсерінен өзара ұрыс-керіс, жанжалдың шығуы, тұрмыс қиыншылықтарын дұрыс түсініп, бірігіп шешім табу жолын білмеу, ер мен әйел арасындағы бірін-бірі жек көрушілік сезімнің басымы болуы, зәбір көрушінің сезіктіге заттай тәуелді болуы, әйелдердің өз құқығын дұрыс білмеуі, тұрмыс тіршілігінің төмен болуы.

Біраз уақыт жаны ауырып, күйзелісте жүрген, отбасындағы күйеуі немесе басқа да жақындары тарапынан қысым көрген әйел қылмыс жасауы мүмкін. Осындай жағдайлардың салдарынан әйел қолымен жасалатын қылмыс түрлері де артып отыр.

Бүгінгі таңда қоғамда психологиялық ахуал тұрақсыз болғандықтан, үнемі күйзелістің үстінде жүретін әйелдер көп. Ал, олардың барлығының бірдей ақылы психологтың кеңесін алуға мүмкіндігі бола бермейді. Осындай салдармен күреспегеннен кейін әйелдер тарапынан қылмыстар орын алады. Отағасы күн сайын арақ ішіп келіп, әйелін ұрып, бала-шағасының берекесін қашыра берсе, әйел не кетіп тынады, не қылмыс жасайды.

Оның ішінде адам өлтіру немесе тапсырыс беру, есірткі затын тасымалдау сияқты аса ауыр қылмыстарға барған нәзік жандылар да бар.

Жамбыл облысы бойынша қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 2021 жылдың 9 айында аса ауыр қылмыс жасағаны үшін 88 тұлға сотталған болса, соның 4-і нәзік жандылар. Оның ішінде, 3 тұлға жеке адамға қатысты аса ауыр қылмыстар жасаған деп айыпталған, яғни, кісі өлтіру баптары бойынша.

Бұл санатпен қаралған істер бойынша әйелдердің қылмысқа бару себептерін саралап, талдау жасап, іс бойынша болған оқиғаларды зерделеу

нәтижесін жинақтап қорытындылайтын болсақ, әйелдердің бұндай қылмысқа баруының басты себеп-салдары көп жағдайда бір-біріне ұқсас келеді, яғни, жоғарыда атап өткендей, әйел адамға қатысты зорлық-зомбылық көрсетудің нәтижесінде орын алған.

Істің сотта қаралу барысында сотталушының тағылған айып бойынша қылмыс жасау кезіндегі іс-әрекеті, мінез-құлқы, қылмысқа баруының себеп-салдары сот тергеуінде жан-жақты тергеліп, анықталып, баға беріледі. Орын алған қылмыс бойынша баяндалып өткен дәлелдемелердің жиынтығымен анықталған дәйекті деректерге сүйеніп, қылмыстық заң аумағында баға беріп, сотталушының іс-әрекеті дәрежеленеді. Жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілігінің дәрежесін, сондай-ақ, нақты қылмыстық әрекет (кінәнің түрі, себебі, тәсілі, жасаған қылмыстық жағдайы мен кезеңі, одан болған ауыртпалығы т.б.) жағдайларының барлығына тоқталып, негізделіп, сәйкесінше жаза тағайындалады.

Жасалған қылмыстардың орын алу себептерінің нәтижесінде нәзік жандылардың қасақана қылмысқа барғандықтары өз дәлелдерін тауып, айыпталған баптары бойынша тиісінше бас бостандығынан айыру жазалары тағайындалып, түзеу колонияларына жазаларын өтеу үшін жіберілген.

Қай халық болмасын, әйел затына ықыласпен қараған, қазақ халқында әйелдің орны ерекше, ана деп құрметтеп, қарындас деп еркелетіп отырған. Отбасының ұйытқысы, берекесі, қамқоршысы – әйел затын аялаған жөн.

Райхан РАТОВА,
Жамбыл облысы бойынша
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық соты кеңсесінің
бас маманы

12. «Mdent Service» ЖШС, БСН 090940018133, өзінің «Mdent Plus» ЖШС-не, БСН 090540015281, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Қажымұқан көшесі, 49 үй.

15.«Жолаушылар локомотивтері» ЖШС Қатысушылардың жалпы жиналысында «Жолаушылар локомотивтері» ЖШС-ны «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС-мен біріктіру арқылы қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданғанын хабарлайды.

17.«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының «Мейірім» оналту орталығы» коммуналдық мекеметтік мекемесі; (БСН 170740031177) Ақмола облысы білім басқармасының «Көкшетау қаласы, №10 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мекеметтік мекемесіне қосылу жолымен қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Талап-наразылықтар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Көкшетау қаласы, Женис көшесі, 32 үй, тел. 50-42-41, 2017 meirim@mail.kz, 2017 meirim@mail.kz электрондық мекенжайы бойынша қабылданады.

20.«Жер Сапа» ЖШС, БСН 210640026513, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 (бір) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 5/1 ғимарат.

21.«Elite Build» ЖШС, БСН 210540015069, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 (бір) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 5/1 ғимарат.

ТАРАТУ

2. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «№31 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мекеметтік мекемесі өзінің таратылатындығын хабарлайды.

Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Шағын ауданы Северо-Восток 2, 29 үй, пошта индексі 090005, БСН: 980540001860. Тел.: +7747 235 2790.

3. «Ақмола облысы білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Киевское ауылының «Күншуақ» балабақшасы» МҚҚК (БСН 160740017239) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола обл., Жақсы ауд., Киев ауылы, Ленин көш., 175 құрылыс.

4.«Sofi Finance (МҚҰ)» (Софи Финанс) ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысында 04.11.2021 жылғы №17 хаттамасына сәйкес серіктестіктің жаңа орналасқан жері келесі мекенжай бойынша бекітілді: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 502 үй, 8 қабат.

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ОрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

КӨЗҚАРАС

ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Халқымызға ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздік, егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін бұл күн – біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке. Азаттық аңсаған елдің түпкі мақсатының орындалып, бүгінгі Қазақстан өз мемлекеттігін бұдан 30 жыл бұрын жариялаған болатын. Бұл мереке күңтізбеде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңының 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылдануына байланысты тұрақты түрде аталып өтіледі.

Бізді бұл күнге дейін жеткізген ұмытылмас оқиғалар – ел қорғау соғыстары, ұлт-азаттық көтерілістер – өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталуға тиіс. Елбасымыз Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығына арнаған сөзінде: «Ұлы далада бірінен сон бірі толас таппай жүріп жатқан 200-ге тарта көтерілістер эстафетасы, біздің бүгінгі тәуелсіздігіміздің бастау көздері» деп бағалаған болатын. Елдің біртұтастығы мен тыныштығын сақтауға бар өмірін сарп еткен хан-сұлтандар мен батырларын тарихқа өлшеусіз үлес қосқан ірі тұлғалар ретінде ардақтап, олардың өлмес рухын ұлт мақтанышы ретінде күні бүгінге дейін жеткізді. Бұл қасиетті шежіре – бүгінгі буын арқылы келер ұрпақтың бойына жастайынан сіңірілетін баға жетпес игілік. Осы өнегені жастардың бойына дарыту, патриоттық рухта тәрбиелеу – бүгінгі таңда әрбір қазақстандықтың қасиетті борышы .

Сондықтан бұл күн бәс мемлекетіміз үшін – біртұтас елдіктің, ынтымақтастық пен татулықтың, сонымен қатар өткенге деген тағзымды салауат пен болашаққа деген сенімді үміттің мерекесі .

Әділет саласы еліміз тәуелсіздік алғаннан бері үлкен өзгерістерді басынан кешірді. Әсіресе жаңа технологияларды пайдалану,

электрондық қызметті жетілдіру бағытында жеткен жетістіктеріміз айтарлықтай.

Бұрын әділет органдары тарапынан жасалатын жұмыстың барлығы қол еңбегіне, ой еңбегіне тәуелді еді. Ал жаңа технология осы қызметті бұрынғыдан жеделдетіп, әуре-сарсанды азайтуға ықпалын тигізді. Бір құжат алу үшін бірнеше мекеменің есігін қағып, кезекке тұрып, қағаз толтырып көп уақытын жоғалтатын азаматтар электрондық қызмет игілігінің арқасында мәселесін бір жерден шешіп, құжатты бір терезеден алуға қол жеткізді. Бұл әділет саласындағы бір-бірін қайталайтын функцияларды жойып, қызметті тез іске асыруға көмектеседі.

2021 жылдың 1 шілдесінен бастап «Нотариат туралы» заңға да өзгерістер енді. Алғашқы күннен бастап жаңа әрекеттер халық арасында сұранысқа ие болды, алғашқы эксаумактық мәмілелер мен эквиваленттілік беру елдің көптеген аймақтарында жасалды. Атап айтқанда Қазақстан Республикасының азаматтары объектінің орналасқан жеріне қарамастан, елдің кез келген нотариусынан жылжымайтын мүлікке мәміле жасай алады.

Әділет органы халықтың құқықтық сауатын арттырып, мәдениетін көтеруде алдыңғы сапта жүр. «Әділет кеңес береді» деген тақырыпта тоқсан сайын өткізілетін акция барысында жергілікті тұрғындардың бір жерден, белгілі бір уақытта еш кедергісіз сауатты кеңес алуына мүмкіндік туды.

Әрі мұндай шараларға әділет қызметкерлерінен бөлек адвокат, сот орындаушысы, нотариус, медиаторлар қатысатындықтан, халықтың әрбір маманға бармай-ақ өзін қызықтырған сауалға бір жерден жауап алуына қамқорлық жасалып отыр. Егемендік есейткен құрылымда тұтынушылар көңілінен шығатын бастамалар жалғасын таба береді.

Н.АСАНОВА,
Қармакшы ауданаралық Әділет басқармасының басшысы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ӘРТУРА

6. Ақкөл ауданының әкімдігі келесі мекеметтік мекемелерін қосу жолымен қайта ұйымдастыру туралы хабарлайды:

«Ақкөл ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ, БСН 130440026668 және «Ақкөл ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ, БСН 041040003509 «Ақкөл ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі»мекеметтік мекемесіне.

«Ақкөл ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» ММ, БСН 060140006776 және « Ақкөл ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі «ММ, БСН 130440026737» Ақкөл ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі « мекеметтік мекемесіне.

«Ақкөл ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ, БСН 041040003529 және «Ақкөл ауданының құрылыс бөлімі» ММ, БСН 041040003519 «Ақкөл ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс және тұрғын үй инспекциясы бөлімі»мекеметтік мекемесіне.

Шағым хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Ақкөл қаласы, Нұрмағамбетов көшесі, 94.

7.«ADV TRADE» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 180140000553, «Тел Тех» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, БСН 980840005963, қосылуына байланысты қайта ұйымдастыру жұмысы жүргізілетінін хабарлайды. Арыз-шағымдарыңызды төмендегі мекенжайға жіберулеріңізге болады. Жамбыл обл., Меркі ауд., Сарымолдаев ауылдық округі, Сарымолдаев ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, 61А.

8.«Пайда+12 Кредиттік Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі» ұйымы, БИН 120440014731(Қазақстан Республикасы,090503, Батыс Қазақстан обл., Жәнібек ауд., Жаксыбай а., Боғет к., 1 ү.) өзінің жойылғандағы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Батыс Қазақстан обл., Жәнібек ауд., Жаксыбай ауылы, Темір Масин к., 7/2. Тел.87059421965.

9.«Астық туралы» Қазақстан Республикасы заңының 37-бабының 2-тармағына сәйкес, осы «Бетеге-У» ЖШС астық қолқаттарын ұстаушыларды Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Қоскөл ауылы, 770 ғимарат мекенжайында орналасқан элеватордың мүліктік кешенін иеліктен шығару туралы хабарлайды.

11. «Mdent Plus» ЖШС, БСН 090540015281, өзінің «Mdent Service» ЖШС-не, БСН 090940018133, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Қажымұқан көшесі, 49 үй.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы

Тел.: 8(727) 292-29-27, 292-40-89, факс: 8 (747) 428-26-10

E-mail: zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99,8 701 739 27 83,8 705 185 75 73 www.gazetysaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақтаев көш. қымысы, 208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

МҰРАГЕРЛІК

10. 6 тамыз 2021 жылы қайтыс болған Күренбаев Арслан Галиакбаровичтің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус И.Т.Рахимиев келулеріңіз керек: Алматы қ., Әшімов көшесі, 13а, 1-т., оф.13А. Тел.87054368312.

13.16.08.2021 ж. қаза болған мұра қалдырушы Бугенбаев Сакен Кипшақбаевичтің мүліктеріне мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Түркістан қаласының нотариусы Ф.С.Алихановаға хабарлассын: Түркістан қаласы, Н.Төреқұлов к-сі, 58 үй. Тел.87054368312.

14. 27.09.2021 ж. қайтыс болған, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қаражота ауылы мекенжайында тұрған Манасов Абдылкасымын артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Жібек жолы көшесі, 116А (Халық банкінің бұрынғы ғимараты, 1-қабат) мекенжайы бойынша нотариус Тұрған Надира Тұрғанқызына келулері тиіс.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы, судьялары мен аппарат қызметкерлері Ақтөбе облыстық сотының төрағасы Асламбек Амангелдіұлы Мерғалиевке анасы

Тілеулес Мұсабекқызы Мерғалиеваның қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызыл-орда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: 8(7152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

(Соңы. Басы өткен санда)

Бымыртта екі жігіт мінген, кіре сала мұның қолына анау-мынау емес, он мың теңге ұстата қойғасын көңілі жайланған, бірақ, біраз жүрген соң бұл екеудің есірткімен байланысты адамдар екенін түсінген. Амал жоқ, дірілдеп отырып, айтқан жақтарына апаруға тура келген. Одан олар телефондағы навигаторға үңіліп, тоғайдың арасынан бірдеңе іздеп кеткен. Егер олардың қалтасына жасырған есірткілері болып, алдарынан полиция ұстап алса, онда Ерікті де алып кетіп, отырғызып қоюы әбден мүмкін еді. Ал, Ерікке жұмысын тастауға болмайды, оны үйде келіншегі мен баласы күтіп отыр. Бүгін ұлының туған күні. Ерік жанына қоя салған пультті машинаға риза көңілмен қарап қойды. Соңыра ұлы қалай қуанар екен. Таксист музыканы ауыстырып отырды.

– Қарындас, қандай музыка қояйын? Өзбекше ме, қазақша ма?

– Көке, алдындағы жолынды білсей! Тыңдамайды ол музыканды, музыка керек болса қолында телефоны бар емес пе!

– Жігітім, не болды? Сұрағаным ғой жәй.

– Сұрама, – деп күңк етіп сазара түскен жігітке қыз естілер-естілмес қып әлдене деп еді, анау одан сайын ашуланып қалғандай болды.

Таксистің қолындағы телефонының арзан еместігін, «Аудидің» де күтіп айдалған көлік екенін жігіт бірден байқаған. «Бұлар қару ұстап жүре ме екен, мысалы травмат...?» – жігіт таксистің желкесінен көз алмай отырған күйі. Әй, бірақ, ауылдан шыққан қазақы адамдар ондайға жете қоймаған шығар. Оның үстіне «травматтың» да пәлесі көп, оғы резеккеден болса да қару болып саналады. Жатқан бір бәле, наркологтан, психологтан анықтама, оны сактайтын сейф керек... Одан гөрі бұрыш шашатын баллон алып жүрген жақсырақ қой, – деп ойлап кетті жігіт өзінен-өзі. Ал, пышақ ше... пышағы бар ма екен?».

Ол жаңа ғана рюкзактан шығарып, жүзін төмен қаратып өзінің қолтығының астына қарай жасырған пышағын үстінен байқатпай сипап қойды. – Таксистің жуан мойнына көз салды. Өзімен салыстырғанда ананың денесі де алпамса, күші де бар екені көрініп тұр. Таксист қауіпсіздік белгісін тағып отыр, әлде соның өзімен қылғындыра сала ма... Ал егер оны іштен талдырып ұрса... Онда ол бір сәт дем ала алмай қалып, бар күшін тыныс алуға жұмсағаннан әлін жоғалтып, мұнымен қарсыласа алмас еді. Бірақ іштен ұру үшін оның дәл жанында отыруы керек еді. Жоқ, алдыңғы жақ шабуыл жасауға ыңғайсыз, осы отырысы дұрыс». Қолына үлкен пышақ ұстаған осы отырысы аса ыңғайлы көрінді. Егер қазір бір қолымен оның кеудесінен ұстап тырп еткізбей, тамағынан орып жіберсе, анау қыңқ деуге үлгермес еді. Бірақ, өйтуге өзінің күшіне сенбеді. Алды да пышақты оның бүйірінен ұрды. Қыз шыңғырып жіберді де аузын басты. Жүріп келе жатқан көлік тоқтай қалды. Екінші соққыны сілтеп үлгермеді, жарақаттанғанына қарамастан таксист оның қолын серпіп жіберіп, қауіпсіздік белгісін ағытып үлгеріп, жан-дәрмен есікке жармасты. Бүйірі шым етіп, аяқ жағы суып кеткен Ерік салоннан шығып қашпақ болған еді. Бірақ қаша алмады. Басы айналып, аяғынан әл кетіп, бірнеше метр жер ұзап барып құлағанын біледі... одан арғысы бұлдыр-бұлдыр, буалдыр тұман арасына сіңіп кеткен. Қастарына «Нексиа» тоқтағанын, одан екі ер адам түсіп мұны тұрғызбақ болғанын, жігіт пен қыздың «Аудидің» иесі ретінде сөйлеп, жолдан адам қағып кеттік дегендерін де, өзін көтеріп әкеліп көліктің артқы орындығына салғанын да Ерік білмеді.

Таксисті көліктің артына салып, рульге отырған жігіттің аяқ-қолы бастапқыда дірілдегендей болған. Бірақ, сәлден соң бойын жинап алды. Арт жақтағы таксист жаракатын ауырысына ыңқылдайды. Сәби секілді аянышты ыңырысқан күйі бүктетіле береді. Жігіт музыка дауысын қаттырақ шығарып қойды,ыңқылды естігісі келмеді. Орындықтың астыңғы

жағына қыстырылған лас шүберекті тауып алып, таксистің аузын бітесем бе деп бір ойлады да, оның қолына жұққан қаннан жиіркеніп, лас шүберекті таксистің бетіне лақтыра салды. Екі көзін жолдан айырмайды. Жол бойындағы әрі-бері жүйткіп өтіп жатқан көліктер ғана оған салондағы көңілісіздікті ұмыттыратындай. Тек біраз жүргенде алдынан қарсы ұшырасқан «Приорадан» әлдекімнің қол көтеріп, сигнал беріп өткені ғана мазасын қашырды. Ол кім? «Приораның» иесінің бұған танырқай қарап өткенін көрді. Әрине, «Приорадағы» адам мына таксистің танысы. Және «Аудидің» рулінде отырған таксист емес, мүлдем басқа адам екенін көргенде таңғалмай қайтеді? Не істеу керек? Не істеу керек? Қасындағы қызға сұраулы жүзбен қарап еді, ол еш-

сианың» да тап бола кеткенін қарашы. Қайта ойына келе қалып, «байқамай адам қағып кеттік» деп айтып жіберген өтірігі пайдаға асты, «Нексиадағылар» ештеңеден күдік алмаған сияқты. Жол үстінде асығып бара жатқан адамдар жолда көргенін ойлап жүреді дейсің ба? Ал егер полицияға хабарласса ше?... Жоқ, ондайды ойлап, қауіпті жақындатудың қажеті жоқ, тек жақсы бірдене ойлауы керек... Жігіт ойын басқа нәрсеге аударуға тырысты. «Аудиді» сатса қалтасы толар еді. Көлемі шағындау, іші жұпыны болса да мықты, қанша мінсе де шашылып қалмайды, айдауға сенімді. Қарапайым адамдарға қосалқы бөлшектері қолжетімді, фильтрі де жапондыкінен арзан, сөзсіз, жақсы сатылар еді. Бірақ, енді сату қауіпті. Тек бөлшектеп қана сата алады. Ол да қиын...

ЖОЛ ҮСТІНДЕ



тенеге қатысы жоқтай басын терезеге бұрды. Із жасырмақ болды. Не болса да Сарыағашқа жетуді ойлады. Ол біршама алыс еді, шамамен 150 шақырымдай. Газды баса түсті. Басқа ештеңе ойлаған жоқ. Ештеңені ойлағысы келмеді. Музыканы бакырға түсті. Жолдар, жолдар...

Бір кезде Еріктің аздап есі кіргендей болды. Не болып, не қойғанын толық түсіне алмай, басының қатты ауырып жатқанынан ол өзін тірі екенін сезінген. «Құн сайын алдынан шексіз болып көрінетін жол қайда кеткен?» деп ойлады ол бір сәт. «Биік аспан ше?» Қайтадан есі ауып кетті. Сәлден соң ауырыснудың азабы әлдеқайда жоғалып, ол ынырсуын тоқтатып, тынышып қалды.

Тағы біраз жүрген соң кинала ыңырсыған дауыс қайта шықты. Бұл терең жарақаттың жанды шыдатпай, жүйкені ширықтырған ауыр азабы еді. Жүректі мың сан ине тығып піскілегендей қорқынышты дауыс үлеп барады. Таксистің тоқтаусыз ыңқылы жігіттің жүйкесіне тиді. Бір кезде таксистің сандырақтаған дауысы окыс шыққаннан, жігіт рульден айырылып қала жаздады. Ызаланған ол бір боқтап, көлікті тоқтатып, артқы есікті ашты да таксисті етпетінен жатқызбақшы болды. Бірақ, тар жерде бұл қиын болып шықты, денелі жігітке шамасы келер емес. «Маған көмектесші, тез!» – деп айқайлады қызға. Екеулеп таксисті етпетінен салған болды. Сарыағашқа жақындаған жігіт айналаға алақ-жұлақ етіп алаңдай қарап келеді. Оған адам қарасы жоқ, ешкім жүрмейтін жер керек еді. Ол жартылай салынған үйлерден басқа ештеңе көзге түспейтін ашық жазыққа бұрылды.

Бастапқы ойы іске аспайтынын ойлаған жігіт ызаланып шырт түкірді. Ол таксисті оңаша жерге аларып көзін жойып, көлікті сатып жібермекші болған. Сонда көп шаруасы шешілетіндей көрінген. Банктегі 800 мың теңге қарызын жабады, қыдырады, қызы екеуіне қымбат телефон алады... «Қап, қате жасадым...» деп өкінді. Ашуға берілмей, таксисті қалтарысқа апарып, жоспарына ақырын кірісуі керек еді. Асығыстық... Қас қылғандай анау «Нек-

Жігіттің басы қатты. Ал, таксисті қайтеді? Ол туралы ойлағанда жігіттің көңілі тіпті түсіп кетті. Адам сирек баратын тоғай арасына апарып көміп кетсе ше, әлде... көлікпен бірге өртеп жібере ме... Ал, сосын жолдан кездескен көлікпен кері Таразға кетіп қалса... Ол таксиске көз тастап еді, көзіне ол әлі де қозғалатын сияқты болып көрінді. Жігіт пышақты алды да бар пәрменімен салып, салып жіберді. Пышақты таксистің сол жақ иығы мен кеудесіне, өкпесіне сұққылады. Таксистің ішінен бірдеңе қорс-қорс еткендей болды. Бұл жүрекке қан баратын ұлқан көктамыр, күретамырлар зақымданып, іштен қан кетіп жатқаннан шыққан дыбыс еді. Жігіт салжықанды қалпын бұзбады. «Өзіне сол керек» деді ішінен. «Бүгін сен өлдің, ертең мен... Онда не тұр? Таки айдап, жолаушы жолақысын төлей ме, төлемей ме деп уайымдап өмір сүру де қызық болып па... Өлу, өлтіру адам шошитын оқиға емес қой... Ол деген өмір, ол біреулердің өмір сүру тәсілі. Мысалы, менің...». Жігіт тістентіні алған.

Қасындағы қыз оның қимылынан көз алмайды. Оның бойын діріл биледі. Ол таксисті екінші қайтара пышақтаған кездегі жігітінің түр-әлпетінің танымастай болып өзгергенін көрген. Осы жоспарды ұсынған өзі екені қыздың есінен шығып кетті, ол енді шімірікпей кісі өлтіре салған жігітінен қатты қорқа бастады. Осы сәтте көліктен түсіп қалып, айдалаға жүгіре бергісі келді, әлде Таразда болған кезде жігіті әлдекімнің пәтерінен ұрлап кеткен алтын жүзік, алтын сырға, смартфон, тағы бір заттарды аппақ қол сөмкесінен алып, терезеден лақтырып тастасам ба екен деп те ойлады. Әйтеуір, бірдеңе істегісі келді. Осы жерде түк болмағандай мелшіліп отыра беруге енді төзімі жетпейтіндей. Іші-басы суып, бұдан әрі қасындағы жігітті бұрынғыдай өліп-өшіп жақсы көре алмайтынын түсінді. Жігіті келер айда туған күніне сыйламақ болған қымбат телефонға да әуестігі басылып қалыпты. «Таксист болса өліп қалды, полиция ұстап алса не болмақ? Түрмеге қамай ма? Қалайша? Жап-жас күйінде соттала ма?

Қайдағы бір таксист үшін. Оны өлтірген бұл емес қой. Жігіті. Керек болса өзі сотталсын». Қыздың өкіріп жылағысы келген, бірақ жас тамағына түйіліп, бері шықпай қойды. «Жұмысты ақыры таппадық, ақша болса бітті» деп тұнжыраған жігітіне көлігі тәуірлеу, өзі жалғыз-жарым жүрген таксисті өлтіру туралы ойды айтқанда оның соңы тап осылай боларын болжамаған. Адам өлтіру, тонау, із жасырып кету, тапқан олжаларына емін-еркін өмір сүру оған кинодағыдай оңай көрінген. Ешкім ештеңе білмей қалатынына сенімді болған. Ештеңеден қорықпаған. Өйткені, жігітіне сенген. Оның барлық жағдайда жол тауып шығатынына сенген. Шешесін де, өгей әкесін де енді қайтып көргісі келмейтіндіктен, алдағы өмірін тек осы жігітпен бірге елестеткен. Бірақ

дем алды. Бұларды ешкім байқаған жоқ, демек ешқандай қауіп те жоқ. Алдарынан жүгіріп шыққан 4-5 жас шамасындағы ұл әдемі қораптағы пультті машинаны көргенде екі өзүі екі құлағына жетіп, қуанып кетті. Тек үй иесі әйелдің «қайдан келесіңдер, қайда барасыңдар, немен келдіңдер, ол таксист Сарыағаштыкі ме?» деген бітпейтін мылжың сұрақтары ғана бұлардың ашуына тие бастаған. Телефоны шылдырлап, әйел соған кеткенде барып бұлар мылжың үй иесінен құтылғандай болды. Жігіт ары қарай не істейтінін ойламады. Алматыға жетіп алса көреді. Әбден шаршаған екен, кешкі асты үнсіз ішкен соң сілесі қатып ұйықтап қалыпты. Ол тіпті түнде қыздың басқа бөлмеде болғанын да білмеді. Екеуі ертеңінде ерте тұрып, жуынып-шайынып автовокзалға барды. Екеуі бір қарағанда асықпай, қамсыз қыдырып жүрген ғашықтар сияқты. Жаз шықса сөмкелерін арқасына асып, қыдыруға асығып тұратындар аз ба, бұлар да сондай өздері жас әрі әдемі, көрген көз қуанатындай жарасымды жұп еді. Бірақ, зер салып қараған кезде жігіттің тықырышып, біресе айналасына, біресе телефонға қарай беретінін байқауға болар еді. Ал, қыз сабырлы қалпынан өзгермей, қолындағы қоланы асықпай жұтып, ұзын кірпігін қағып қояды. Ол әлденеден сактанып, іштей секем алса да, полицияны тап бүгін, дәл осы қазір көремін деп ойламаған еді. Автовокзалда бейтаныс екі жігіт өздеріне қарай бет алғанда жігіттің жүзі қабарып кетті. Ол жай киіммен жүрген полицияны танып қойды. Ойына бірден түнде өздері қонып шыққан үй иесі әйел түсті. «Сумандауы жаман еді соның. Қап, бекер бардым сол үйге...» деп ойлап үлгерді. Қасындағы қыздан сезіктену оның ойына да келмеген.

Жігіт бастапқыда мойындарына қойып бергенше ештеңені мойындамады. Тек куәгерлердің хабарлауынан бөлек, таксидегі gps навигаторы, таксистің телефоны, жол бойындағы видеоканералар мен көлік ішінде қалған саусақ іздері арқылы көп жай мәлім болғанын білгенде барып ернін тістеледі.

– Ол менің қызыма қырындауын қоймады, – деп ақталмақ болды жігіт. Алдын ала сөз байласып, қасақана кісі өлтірудің жазасы ауыр болатынын білетін ол таксисті жанжал үстінде абайсыз өлтіріп алғанын айтып бетбақтырмады.

– Пышақты қайдан алдың?

– Сол «Аудидің» ішінен таптым. Таксистікі.

– Пышақты неше рет салдың таксиске?

– ...

– Ол қансырап жатқанда да пышақ ұра бердің бе?

– Ол өзі кінәлі.

– Күдікті жалған айтады. Қылмыс алдын ала ойластырылған, о баста жоспарланған. Таксисті өлтіріп, оның көлігін сатып, пайда көрмек болған, бірақ, куәгерлер кедергі болған – деді айыптаушы.

– Жоқ, олай емес, – деп қарсыласты жігіт. – Жала. Жала жауып жатыр.

– Мен жолда кездескен тоғайға кірдім.

Шаруам болды... Ал қайтып келгенімде жігітім таксистің кеудесіне пышақ сұғып алыпты. Мен шошып кетіп қатты айқайлап, шыңғыра бердім, осылай етсем ол есін жиятын шығар дедім. Бірақ, ол қарамады, пышақты сілтей берді. Ол маған мына таксисті жоқ қылып, көлігін айдап кетеміз деп айтқанда мен қарсы болғам,– деді қыз.

– Күдікті жүзі 20 сантиметр болатын өткір пышақты өзімен бірге алып жүрген. Таксиске бірнеше жерден пышақ салған. Бірақ жолда куәгерлер тап болғандықтан, бастапқы жоспары болмай қалған. «Аудиді» оқиға орнынан 150 шақырымға айдап барған да, бензині біткесін ішіндегі мәйітпен далаға тастап кеткен. Рюкзактан таксистің заттары шықты. Және, белгілісі – таксист жарақаттанғаннан кейін де бірнеше сағат бойы тірі болған, оған алғашқы дәрігерлік көмек берілсе оны құтқаруға болар ма еді, бірақ, күдікті оны үсті-үстіне пышақтай берген, – деген айыптаушының сөзінен кейін ауыр тыныштық орнады.

Сот барысында бұл екі ғашыққа ҚҚ 99-бабы (Кісі өлтіру) және 192-бабы (қарақшылық) бойынша айып тағылды.

Ж.ШАМУРАТОВА,
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75.
Шығыс Қазақстан облысы Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43; 292-79-61
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №173 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады. Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген. Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31